Осы стратегиялық жоспарда қарастырылған негізгі міндеттердің бірі (2.2.2-міндет) Атырау облысына қарасты Каспий теңізінің қайраңының және жақын маңдағы аумақтың ластануының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. Каспий теңізінің ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік конвенцияға Хаттамалар жобаларын дайындауға қатысу, теңіздің қазақстандық бөлігінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасын әзірлеу деп атап көрсетілді. Каспий теңізінің көмірсутегі ресурстарын игеру бастылары балық аулауға кедергі келтіру, теңіз түбіндегі бұзушылықтары, балықтар миграциясының бұзылуы, айдынды шеттету, судың лайлылығын арттыру, өндіру және тасымалдау кезінде технологиялық, авариялық төгінділер, шығарындылар және жайылулар болып табылады. [3]

Қоршаған ортаны жану өнімдерімен ластай отырып, алауларда жағылатын ілеспе газды толық кәдеге жарату жөніндегі тиісті шаралар қабылданбайды. Бұл орайда, атмосфераға парник газдарының, күкірт пен азоттың көп саны шытарылады. Бұл орайда, техногендік сипаттағы жер сілкіністерінің мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Каспийдің солтүстік және солтүстік-шығыс тайыз қайраң аймағы негізін бентостық, планктондық жануарлар мен балдырлардың үлкен әртүрлілігі құрайтын балықтар мен (оның ішінде бекіре тұқымдастар) құстардың табиғи молаюының бай таралу аймағын білдіреді. Қайраң аймағының және Еділ мен Жайық өзендері атырабының аумағы 1974 жылдан бастап қорық аймағы болып жарияланған, бірақ оны зоналауды, қорық режимі мен учаскелердегі жұмыстарды аяқтау талап етіледі. Теңіздің солтүстік шығыс бөлігіндегі аралдарда Каспий итбалығының негізгі мекен ету ортасы, ал батпақты-сулы алқаптарда суда жүзетін құстар, оның ішінде көшіп-қонып жүретін құстар мекен етеді. Каспий экожүйесінің бірегейлігін ескере отырып, тиісті экологиялық талаптар мен стандарттармен шаруашылық жүргізудің ерекше шарттарын әзірлеу қажет. Каспий теңізінің биоресурстарын қорғау жөніндегі нормативтік- құқықтық кесімдерді, оның ішінде, мұнай операцияларын жүргізу кезінде және мұнайдың апатты төгілуі нәтижесінде балық қорларына келтірілген залалды айқындау жөніндегі, сондай-ақ су бетіне жайылған мұнай өнімдерінің көлемін айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқамаларды әзірлеу аймақтың бірінші кезектегі табиғат қорғау іс-шарасы ретінде қаралады. [6]

Теңіз деңгейінің көтерілуімен байланысты Солтүстік-Батыс Каспий маңы аумағының экологиялық жай-күйін бағалау және болжау гидродинамикалық және су балансы моделдерінің негізінде көмірсутегі шикізатының кен орындарын жедел барлау ды ескере отырып, Атырау облысының шегіндегі Каспий теңізі жағалауының қазіргі заманғы экологиялық жағдайын зерпеуді қамтиды. [4]

Қоршаған ортаның сапасын басқарудың жүйесін оңтайландыру мыналарды қамтиды: а) заңнама базасын жетілдіру; мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде жоспарлауды қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік басқармасының институционалдық негізін құру; мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру; қоршаған ортаны мониторинг жүйесін дамыту; жүйелік тәсіл негізінде табиғат қорғау жұмыстарын ғылыми қамтамасыз ету; сектоаралық ынтымақтастық тетіктерін әзірлеу; экономикалық тетіктерді жетілдіру; әлеуметтік әріптестік тетіктерін дамыту; экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру; халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Б) қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсерін азайту әрі адай жолмен табиға, қорғау-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу: Жердің климаты мен озон қабатына антропогендік әсер етуді азайту; биоалуантүрлілікті сақтау; экологиялық апат аймақтарын, зымыран - ғарыш полигондарын және әскери - сынақ кешендерін оңалту; Каспий теңізінің қайраңы мен жақын аумақтардың ластануының алдын алу; су ресурстарының жұтауы мен ластануының, әуе бассейнінің ластануының алдын алу; жинақтаулар көлемдерін қысқарту, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және ұқсату; халықтың аурулары мен қоршаған ортаның сапасы арасындағы байланысты зерттеу.

Сонымен қатар Қазақстанның барлық облыстары оның ішінде Атырау өңірінің табиғатын тиімді пайдаланумен байланысты қарастырылған проблемалық мәселелерге Каспий теңізінің облысқа қарасты бөлігінің экологиялық ахуалын жақсарту, ауа, су, топырақтағы өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуын үздіксіз бақылауға алу және бағалау мәселелері де назардан тыс қалмады.

Стратегиялық жоспардың негізгі атқаратын іс - шараларының бастапқысы келесідей: орта мерзімді перспективада мұнай-химия өндірісін әлемдік деңгейде одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін тұғыш әлемдік кластағы интеграцияланған мұнай-химия кешенін құру, Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы құру болып табылды. [1]

Сонымен қоршаған орта сапасын бақылау жүйесімен байланысты қазіргі уақыттағы мониторингтің әртүрлі ведомстволық жүйелерінің жұмыс істеуі жедел және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға қажетті қоршаған орта жай-күйінің толық мәндегі тұтас сипатын бере алмайды.

Жұмыс істеп тұрған мониторинг жүйелері, қызметтер мен желілер, негізінен, қоршаған орта объектілерінің ластануын бақылауды жүзеге асырады. Олар ведомстволарға бағынады, әдістемелік, бағдарламалық және ұйымдастырушылық жағынан бір-бірімен байланыссыз. Олардың қызметінің үйлесімділігі жоқ болғандықтан, тақырыттық табиғат қорғау міндеттерін шешуге және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауды ағпараттық қолдауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ақпараттың жағынан бұл желілер біріге жұмыс атқару қажет. Сол кезде ғана ақпараттың техникалық, математикалық және басқа да түрлері талап етілетін номенклатураны, анық және дәл өлшемдер, экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі ақпараттар алудың қажетті шұғылдығы мен нұсқамалар әзірлеуді қамтамасыз етеді. қоршаған ортаның жай-күйіне мемлекеттік бақылау жүйесі және табиғи ресурстарды басқару жүйесі қалыптастыру кезеңінде тұр және тұрақты жетілдіруді талап етеді.

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (Астана қ.)

2. Ирзағалиев К.С. Современное состояние агромышленного комплекса в регионе: Анализ. Обзор. - Атырау: Атырауский ЦНТИ, 2002. - 20 с.

3. Кенжегалиев А.К., Хасанова А.А., Моисеева Г.П. Экологическое состояние Атырауской области в связи с промышленным освоением шельфа Каспийского моря // Вестник Атырауского института нефти и газа. - 2002. - № 1-2. - С 171 -173.

4. Абдрахманов М, Умбеталиева Г. Экологические проблемы Атырауской области и некоторые пути их решения // Современные проблемы геофизики, геологии, освоения, переработки и использования углеводородного сырья: Матер. Междунар. Науч.-техн. Конф., посвящ. 20-летию образования Атырауского ин-та нефти и газа. - Атырау: АИНИГ, 2001. - С 364 - 366.

5. Диаров М.Д., Гумаров С.С. Состояние воздушного 86 бассейна г. Атырау // Проблемы нефтегазового комплекса Казахстана: Матер. Междунар. Науч.-техн. Конф., посвящ. 70-летию юбилею акад. Н.К.Надилова. -Атырау: АИНИГ, 2001. - т. 1. - С 290-292.

6. Жмыхов А.А. Мониторинг земель Атырауской области. Анализ. Обзор. - Атырау: Атырауский ЦНТИ, 2002. - 24 с.

Резюме

В статье рассматриваются основные экологические проблемы Атырауского региона и экологическая оценка природоохранной деятельности .

Summary

The article discusses the major environmental issues Atyrau region, and ecological assess the nature of security activity.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖҮЙЕЛІ СИПАТЫ - ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫҒАН ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ж.Б. Қалдыбаева –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы

Экологиялық білім аса күрделі, ол қоғам мен табиғат арасындағы адамның қатысуымен және қатысуынсыз жүзеге асатын күрделі қарым-қатынас туралы білім жүйесінен тұрады. Экологиялық білім беру барлық пәндерді оқыту процесінде жүзеге асады, оның педагогикалық негіздері зерттеліп келеді, әлі де зерттеле бермек.

Табиғатты қорғауды қоғам мен табиғаттың өзара әсерленуінің гармониялы және оңтайлануды қамтамасыз ететін іс-шаралар (технологиялық, экономикалық, әкімшілік-құқықтық, биотехникалық, санитарлы-гигиеналық, ағартушылық) жүйесін анықтау деп қабылдау керек.

Оқыту мақсатында мынадай анықтаманы қолданған дұрыс: табиғат қорғау деген қоршаған орта сапасын жақсарту мен қорғаудағы іс-шаралар жүйесі, табиғат ресурстарының өнімділігін көтеру, генофонд және қайталанбас табиғи объектілерді сақтау, табиғи орта қауіпсіздігі, тұрғындарды қорғап қалу т.б.с.с.

Оқу үрдісінде табиғатты қорғаудың міндеттерін қарастырғанда адам іс-әрекетінің, мақсаттарымен сәйкес болу керек, яғни қоршаған ортаның жағымды сапасын, қайталанбас табиғат нысаналарын және генокорды сақтап қалу. Сонымен қатар, табиғат қорғаудың ең басты мақсатын адам денсаулығын сақтауды көрсеткен дұрыс.

Табиғатты қорғау түсінігі құрамында екі негізгі элементті бөліп көрсетеді - іс-әрекеттің мақсаттары және оның жетілуіне өлшемдер жүйесі, табиғи апаттардың тоқтатылуы.

Іс-әрекеттер мақсатына: адам денсаулығын сақтап қалу; қоршаған орта сапасын жақсарту және қайта түлету, сақтау; қайталанбас табиғат нысаналарын және генокорды сақтап қалу жатады.

Табиғат қорғаудың ғылыми негіздері мынаған сүйенеді:

- биосфера мен ноосфераның тұжырымдамалары адамның өмір сүру ортасымен биосфера генокорын сақтап қалудың ғылыми негіздері ретінде;

- биогеоценоз және популяциялар тұжырымдамасы биоценоздарды құрастыру және түрлерді ұтымды пайдалану негіздері ретінде;

- экологиялық жүйелерді ерекшеліктерін антропогендік әсердің объектілерін білгендей болу.

Биосфера тұжырымдамасы табиғаттың ұйымшылдығы мен бүтіндігі және ондағы адамның орнын жинақтап қорытындылауға мүмкіндік береді: адам биосфераның белгілі бір қызметі; адам биосфера құрамының заңды бөлігін құрайды; XIX ғасыр ғылыми ойлардың «жарылысы» адамзаттың өткен дамуымен дайындалып қойылған. Аталған тұжырымдар негізгі ұсыныстар жүйесі мен табиғат қорғау принциптері бүтіндей және жеке түрлері мен органикалық дүние формаларын қорғау жекеленіп байланысқан.

Бұл ұсыныстардың оқу мазмұны үш бағыт есебімен құрастырылады:

1) экологиялық (өзара тәуелді принципке негізделген);

2) жүйелі-құрылымды (табиғаттың сапалы көптүрлілігін сақтап қалу принципінен шығады);

3) популяциялы-генетикалық (кез-келген түрдің сақталып қалу мүмкіндігін тек қана өзара байланысқан популяциялар жүйесі сияқты анықтайды). (1)

Антропогендік факторлар, табиғат қорғау және биосфера тұжырымдамасына кірісе басқару эволюциясы туралы білімдер «ноосфера» түсінігі деңгейіне дейінгі жоғары реттіліктегі ғылыми талдауға ауысуға мүмкіндік береді. Ноосфера түсінігінде (грекше поос-ой, сана, sphaire - сфера) ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білімдер байланысады (интеграцияланады). Ноосфера бұл ақыл-ой сферасы, яғни табиғи айналамен адамның ақыл-есті өзара байланысы. Ноосфера идеясы екі тұғырдың бірлігі идеясы ретінде пайда болған - қоғамның әлеуметтенуі және табиғатпен өзара әсерінің дамуы, оны саналы түрде басқарғанда ғана ойдағыдай болады. «Ноосфера» түсінігі «өмірдің рухани қабаты» ретінде француз ғалымы Эю Леруя 1927 жылы ұсынған. Соған ұқсас ойды 1930 жылы Л.Тейяр де Шарден де қабылдаған болатын. (2)

Экологиялық білім беру мазмұнының жүйелі-бірігейлі сипаты - жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасу мақсаттарына сәйкес табиғи ортаға жастардың жауапты қарым-қатынасының дамуы мен нығайтылуында басты дәйек. «Оқытушы-студент-табиғат» жүйесінде кәсіби сауатты және дидактикалық орынды іс-әрекет жасайтын және тек оқу үрдісін экологияландыруды анық және нақты көрсете алатын педагог ғана іске асыра алады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж
Табиғатпен қоғамның өзара әсер етуі туралы білімдердің беректігі, тереңдігі және саналылығымен қатар қоршаған ортаны жақсартуда студенттердің практикалық үлесі тиімді экологиялық білім берудің толықтай және оқу үрдісін экологияландырудың көрсеткіші болады.

Табиғатқа, оның қауіпсіздігіне студенттердің жауапты қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған экологиялық білім беруде студенттердің білім сапасының белгілі көрсеткіштеріне жету қажет. Теориялық зерттеулер мен оқытудың тәжірибелік-эксперименттік талдаулары көрсеткендей бітіруші-түлек келесідей білімдер өрісін менгеруі қажет:

- экологиялық пәндердің ғылыми-жаратылыстық негіздерін;
- адам іс-әрекеті экологиялық фактор ретінде;
- өз азаматтарының денсаулығын және қауіпсіздігін сақтау шеңберіндегі мемлекеттің

принциптерін;

- табиғатты қорғауда кешенді іс-шараларды (геосфера, ландшафттар, табиғи-аумақтық кешендер, экожүйелер, жеке түрлер мысалында);

- химиялық, физикалық, биологиялық және радиациялық, техногенді ластанулардан қоршаған ортаны қорғау тәсілдерін;

- «табиғатты пайдалану», «экологиялық фактор», «табиғи ресурстар», «денсаулық», «қоршаған табиғи орта», «мониторинг», «экологиялық сараптама», «экологиялық менеджмент», «экологияландыру», «экологиялық қауіпсіздік», «экологиялық құқық», т.б. түсініктердің болмысын.

Студенттердің экологиялық білімдерімен байланысты іскерліктер практикалық, сондай-ақ, интеллектуалды бола алады. Интеллектуалды дағдылардың келесідей маңыздыларын бөліп қарастыра кеткен жөн:

- антропогендік фактордың мәнін қоршаған ортаның экологиялық факторы ретінде түсіндіру;
- экологиялық мәселелердің эстетикалық, мінез-құлықтық, саясаттық, экономикалық

аспектілерін түсіндіру;

- экологиялық мәселелердің түрлі тұжырымдамаларын сын көзімен және шығармашылық бағалау;
- ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі деректермен экологиялық мәселелерді нақтылау;
- берілген аймақтағы экологиялық жағдайдың жай-күйін, табиғат ресурстарымен олардың

пайдалануын бағалау;

- табиғаттағы өзін-өзі ұстауың құқықтық аспектілерін негіздеу;
- табиғатқа адамдардың қарым-қатынасы жайлы құлықтың пайымдауларын айту;
- қоршаған ортаны қорғау және оның қауіпсіздігі мәселелерін шешу іс-әрекетіне өзінің теориялық және практикалық дайындығын шындап бағалау.

Жоғары оқу орын бітірушісі (география-экология мамандығының студенті) меңгеретін басты практикалық дағдыларға мына қабілеттіліктер жатады: - табиғи орта жағдайын бақылау және бағалау;

- табиғат қорғаудан ұжымдық және жеке-бастық жұмыс түрлерін жоспарлау және орындау;
- кәсіби, қоғамдық және үгіт-насихат іс-әрекеттерінде табиғат қорғаудан білімдерін

пайдалану;

- қоғамдық игіліктерге, электроэнергияға, суға, өсімдік және жануарлар дүниесіне, тамақ өнімдеріне және т.б. ұқыпты қарым-қатынасты қоғамда насихаттау.

Білімді экологияландырудың басты ерекшелігі - барлық адамзатқа төнетін қауіптің болдырмауын және одан сақтануды ескеретін болжамдылығы. Адам, қоғам, техника және табиғат арасындағы қарым-қатынастардың апаттық келіспеушіліктері табиғат заңдарының бұзылу себептеріне әкелді.

Тұлғаның экологиялық көзқарасын, мәдениетін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ол экологиялық білім мен тәрбие беруді болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды өмірге ендіруге тікелей байланысты екені белгілі. Әлеуметтік экологиялық қарама-қайшылықтардың ғаламшарлық деңгейде шиеленісуі кезеңінде «адам-қоғам-табиғат» жүйесіндегі қарама-қатынастың үйлесімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттің жаңа түрі: экологиялық мәдениетті қалыптастыру болашақ, мамандарды даярлаудың мақсаты мен мазмұнына жаңа бағыт беретін өзекті мәселе.

Бұл мәселені шешудің негізгі жолдарының бірі - студенттердің санасында қоршаған орта және оны қорғау жөнінде берік білім, қалыптастырып, осы бағытта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайтын, өзін сол ортаның бір бөлігі ретінде сезінетін, табиғатты сүйетін, яғни, экологиялық сауатты мәдениетті азамат дайындау.

Болашақ мамандардың қалыптасуында ең маңызды орын алатыны - білім алып отырған жоғары оқу орны. Сондықтан жоғары оқу орнында әрбір студентке экологиялық білім беру мен

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж тәрбиелеу жүйесі дұрыс жолға қойылып, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері таңдап алынып, үздіксіз түрде, жалпы педагогикалық ғылыми әдістемелік негізде басқа пәндермен кешенді түрде оқытылса, қоғам алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі өз шешімін табады деп есептеуге болады. Осыған байланысты студенттердің қоршаған орта мен табиғат байлықтарын тиімді пайдалануын адамзат-қоғам-табиғатты байланыстыратын жаратылыстану салалары арқылы, соның ішінде геоэкология, биогеография, табиғатты тиімді пайдалану, биоэкология т.б. пәндерін кіріктіру (интеграция) арқылы қалыптастыру өте тиімді.

Мысалы, геоэкология және биогеография пәндері экологияның географиямен интеграцияланған салалары. Геоэкология - география ғылымының бір бағыты. Ол экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі (физикалық-географиялық аймақ, провинция, ландшафт) географиялық жүйелердің, экологиялық ерекшеліктерін зерптейді. Екінші бір қырынан геоэкология бұл экология саласына да жатады. Өйткені, географиялық процесстерді қосымша экологиялық заңдылықтарға негіздеп зерттейді.

Геоэкологиялық зерттеулердің басты мақсаты - табиғи және антропогендік геожүйе шекарасындағы қоршаған ортаның кеңістіктегі экологиялық фонын зерттеп білу арқылы ондағы қолайлы экологиялық жағдайда сақтау немесе қайта қалпына келтіру жөнінде нұсқау түріндегі ұсыныстарды даярлау.[3]

Ал «Биогеография экология негіздерімен» пәні жер шарындағы фауна мен флораның таралу аймақтарын зерттей отырып организмдерді экологиялық тіршілік ету аймақтарына аудандастыру арқылы жануарлар мен өсімдік дүниесінің санын және таралу заңдылықтарын айқындайды, өйткені әрбір экожүйеде тіршілік ететін тірі организм антропогендік факторлар ықпалына тиесілі. Биогеографиялық негізгі зерттеу объектілері - өсімдік жамылғысы және жануарлар әлемінің таралу ерекшеліктері. Студенттер - биотоп, биоценоз, биогеоценоз, ландшафт, фация, биота, экожүйе, ареал т.б. ұғымдардың мәнін түсіне отырып биогеографияның экологиялық негіздерін меңгереді және практикада қолдануға мүмкіндік береді.[4]

Табиғатпен қоғамның өзара әсерлесуінің көпқырлылығы экологиялық білім берудің кешендігін анықтайды. Жалпы әдіснамалық және теориялық жағдайлар экологиялық білім берудің келесідей пәнаралық бағыт принципіне көрсетуге мүмкіндік береді.

Экологиялық білімді қалыптастыруда пәнаралық бағыт принципі. Әлемдік тәжірибе «әр пәннің нақты мазмұнына сүйенетін пәнаралық бағыты бар» экологиялық білім берудің артықшылығын дәлелдейді [5] Сондай-ақ экологиялық білім беру мінсіз интеграцияланған тенденция ретінде көрініс береді. Пәнаралық бағыттың іске асуы экологиялық білім беру жүйесіндегі әр пәннің қызметін анықтау; пәнаралық байланысты бөліп көрсету және пәнаралық бағыттардың қорытындыларын қамтамасыз ету сияқты мәселелердің шешілуін талап етеді.

Экологиялық білім беруде пәнаралық байланысты бөліп көрсету әртүрлі оқу пәндерінде оқытылатын экологиялық білімнің барлық деңгейлерінде табиғатпен қоғамның оңтайлы өзара әсер етудің тәсілдері мен принциптері, заңдылықтары, ережелерінің ашылу әдістері мен мазмұны өзара келісуді талап етеді. Сонымен қатар, экологиялық ой-пікірлер мен түсініктердің қорытындылары мен түйіндерін, терендетілу жүйелілігімен оқытылатын пәннің мазмұнына кіретін түсініктер мен пікірлердің даму логикасын үйлестіру болып табылады.

1. *Зверев И.Д. Приоритеты экологического образования // Развитие непрерывного экологического образования; Мат. 1 Моск.НПК по непрерывному экологическому образованию. -М: МНЭПУ,1995.*

С.16-22.

2. *Оспанова Г.С., Бозшатаева Г. Т. Экология. Экономика. 2002. - 155 б.*

3. *Чигаркин А.В., Жакупова А.А. Қазақстанның аймақтық геоэкологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007.- 5 б.*

4. *Воронов А. Г, Дроздов Н.Н. и др. Биогеография с основами экологии. - М: ИКЦ Академкнига, 2003. - 24 с.*

5. *Проблемы образования в области окружающей среды// Мат. Межправ. конфер. по образованию в области ОС. 14-26 октября 1977 г., Тбилиси. - М :ГКНТ СССР, 1979. - 279 с.*

Резюме

В статье рассматриваются научные основы и принципы междисциплинарного подхода природоохранного и экологического образования на фоне которого формируется личность с интеллектуальным умением и практическими навыками.

Summary

In article it is considered scientific bases and principles of the interdisciplinary approach of nature protection and ecological formation against which the person with intellectual ability and practical skills is formed.

УДК 504.03; 504.06

ИНТЕГРАЛЬНАЯ ОЦЕНКА УРОВНЕЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

М.А. Аскарова –

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

Проблемы, связанные с выявлением сущности и содержания науки, ее понятийного аппарата являются определяющими в любой области научных знаний. Со временем, в процессе накопления информации и знаний, эти важные элементы научного познания трансформируются в сторону их уточнения или формируются в виде нового представления. Особенно сложными этапами становления характеризуются знания, возникшие на стыке наук. И в этом плане наглядным примером является наука управления, предпосылка возникновения которой определена появлением первых производственных отношений. Со временем, по мере развития цивилизаций, проблема стала приобретать более отчетливые формы.

Наглядным подтверждением такого вывода служат фундаментальные исследования зарубежных ученых последних двух десятилетий. В Казахстане исследования, посвященные проблеме управления весьма ограничены, в основном они представлены в отдельных отраслях науки: экономике, рискологии, финансовой сфере, природных опасностях. Экологические аспекты данной проблемы практически не рассматривались. Между тем, если применить экономическую формулировку менеджмента Питера Друкера [] относительно экологии, то экологическая безопасность напрямую зависит от создания эффективной системы управления, в особенности такой ресурсноориентированной страны, как Казахстан.

В целях сохранения высокого качества окружающей среды, связанного с противодействием экологическим вызовам и угрозам, экономического развития, решения социальных проблем и международной безопасности в Нью-Йорке в 2000 г. состоялся Саммит тысячелетия с участием 147 глав государств и правительств. Мировые лидеры определили комплекс взаимосвязанных задач, известных как Цели Развития на пороге тысячелетия, в числе которых цель 7 посвящена проблеме «Обеспечение экологической устойчивости». С учетом положений этой программы и сложившейся экологической ситуации в республике и необходимости решения назревших экологических проблем, в соответствии с принципами устойчивого развития, предлагается осуществить комплекс адекватных экологической обстановке систем управленческих решений и мероприятий по обеспечению экологической безопасности [1,2].

Качественная оценка экологических ситуаций выполняется экспертным путем на основе ряда критериев. Наиболее употребительной является пятичленная классификация экологических ситуаций, различающихся по степени остроты. В рамках этой классификации ситуации подразделяются на удовлетворительные, напряженные, критические, кризисные, катастрофические. Оценки могут даваться для единиц административно-территориального деления, ландшафтного, либо бассейнового районирования, выборочного территориального деления.

При удовлетворительной ситуации наблюдаются незначительные в пространстве и во времени изменения среды, в том числе в ее ресурсовоспроизводящих свойствах. Ресурсно-экологическое равновесие при этом обеспечивается за счет процессов саморегуляции природного комплекса или проведения несложных природоохранных мер.

При напряженной ситуации отмечаются негативные изменения в отдельных компонентах среды, что ведет к нарушению или деградации отдельных природных ресурсов и в ряде случаев к ухудшению условий проживания населения. При соблюдении природоохранных мер напряженность экологической ситуации, как правило, спадает.

При критической ситуации возникают значительные и слабокомпенсируемые изменения среды, происходит быстрое нарастание угрозы истощения природных ресурсов (в том числе генофонда), уникальных природных объектов, наблюдается устойчивый рост числа заболеваний из-за резкого ухудшения условий проживания. При уменьшении объемов ресурсопользования и увеличении

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж
регенерационных затрат возможны нормализация экологической обстановки, улучшение условий проживания населения, повышение качества отдельных природных ресурсов и частичное восстановление среды. При кризисной ситуации в природной средвозникают значительные и слабо компенсируемые изменения, в результате которых происходит полное истощение природных ресурсов и ухудшается здоровье населения. Ситуация требует принятия срочных кардинальных мер со структурной перестройкой системы ресурсопользования и большими регенерационными затратами.

Катастрофическая ситуация характеризуется глубокими и часто необратимыми изменениями среды, утратой природных ресурсов и резким ухудшением условий проживания населения, вызванным многократным превышением регенерационного потенциала природы при недостаточных антропогенных затратах на регенерацию ресурсов. Ситуация требует коренной перестройки системы ресурсопользования и огромных регенерационных затрат.

Количественные оценки состояния экологической безопасности не могут быть сведены к совокупности покомпонентных и по ингредиентных характеристик. Наряду с самими количественными покомпонентных исследованиями выполнение комплексных оценок включает процедуру свертывания данных, т.е. переход от множества частных показателей к одному обобщающему, без произвольного усечения информации. Требуемый уровень информативности достигается путем интеграции показателей, которая осуществляется в несколько приемов. Методологическая основа интеграции - квалиметрический принцип, согласно которому любое свойство качества определяется двумя числовыми параметрами: относительным значением и весомостью. Использование квалиметрических методов необходимо на стад и и перехода от поингредиентных и покомпонентных характеристики к интегральным, охватывающим разнородную и потому трудно сопоставимую информацию.

Исследуемые закономерности имеют территориально дифференцированный характер, что обуславливает целесообразность их картографического отображения. В качестве территориальной единицы картографирования принято политико-административное деление республики, поскольку исходными данными для картографирования явились материалы официальной статистики. Такой подход наиболее прост в методическом отношении и отвечает текущим запросам отдельных категорий потребителей картографической продукции (главным образом, работников органов управления).

Примем за комплексный интегральный показатель уровня экологической безопасности показатель уровня безопасности природно-хозяйственных систем. Экологическую безопасность подразделяются на показатели безопасности в разрезе природных систем: атмосферы, гидросферы и литосферы и живых организмов, где человек является одним из важных ее элементов. В каждой среде обитания нами выделяются значимые для природно-хозяйственных систем угрозы для их безопасного функционирования на основе которой разрабатывается методика оценки показателей безопасности. Метод оценки уровня безопасности функционирования элементов природной среды позволит осуществлять научно обоснованные, целевые воздействия для нормализации среды, т.е. осуществлять управление безопасности природно-хозяйственных систем.

Интегральный показатель уровня экологической безопасности, как было выше указано, оценивается на основе квалиметрического подхода, где вес каждого частного показателя безопасности определяется в зависимости от значимости, управляемости и масштаба угроз (1):

$$K_{\text{БПХС}} \sum_{i=1}^n \alpha_i K_{\text{Б}i} \quad (1)$$

где $K_{\text{БПХС}}$ - интегральный показатель безопасности природно-хозяйственных, $K_{\text{Б}i}$ - частный i – тый показатель безопасности ранжированный по видам угроз и типам природной среды, n - количество значимых угроз для управления безопасностью, α_i - вклад i -того показателя безопасности в общий интегральный уровень экологической безопасности.

Бес каждого показателя безопасности в общем интегральном уровне безопасности оценивается методом субъективной оценки, экспертного анализа. Вместе с тем для элиминирования человеческого фактора и снижения субъективизма в оценке весовых показателей процесс экспертного оценивания разбит на три части, где показатель - частные показателей безопасности оцениваются для определения их веса по трехбалльной шкале - по трем критериям: значимость, управляемость и масштаб угроз (2):

$$\begin{pmatrix} \alpha_1 \\ \alpha_2 \\ \dots \\ \alpha_k \\ \dots \\ \alpha_n \end{pmatrix} \equiv \begin{pmatrix} x_{11} & x_{12} & x_{13} \\ x_{21} & x_{22} & x_{23} \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{k1} & x_{k2} & x_{k3} \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{n1} & x_{n2} & x_{n3} \end{pmatrix}, \quad (2)$$

где столбцы матрицы представляют критерий оценки по значимости управляемости и масштабу угроз и могут изменяться в пределах количественных значений от 1 до 3 (таблица 1)

Таблица 1
Критерии оценки по значимости управляемости и масштабу угроз

Критерии оценки и их значение	Значимость (X _{i1})	Управляемость (X _{i2})	Масштаб угроз (X _{i3})
1	Значимые	Слабо управляемые	Локальные
2	Очень значимые	Управляемые	Национальные
3	Крайне значимые	Хорошо управляемые	Глобальные

Тогда

$$\alpha_i = \frac{\sum_{j=1}^3 x_{ij}}{\sum_{i=1}^9 \sum_{j=1}^3 x_{ij}} \quad (2)$$

Трехбалльная шкала сокращает число альтернатив, соответственно снижает разброс экспертных мнений при оценивании весовых показателей, а трехэтапная система оценки позволяет учесть все значимые факторы, влияющие на вклад каждого частного показателя безопасности в общий интегральный показатель. Интегральный показатель безопасности отражает общий уровень антропогенной нагрузки и напряженности природно-хозяйственных систем, а также является связующим звеном для построения комплексной системы управления экологической безопасностью по природным средам.

1. Концепции экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы. - Астана, 2005. - 43 с.
2. Аскарлова М.А., Мальковский И.М. и др. II Экологическая безопасность и ресурсопользование. I Республика Казахстан. Т.3. - Окружающая среда и экология. - Алматы, 2006. С. 488-493.

Түйін

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДЕНГЕЙЛЕРІН ИНТЕГРАЛДЫҚ БАҒАЛАУ

Мақалада интегралдық қауіпсіздік синергетикалық талдау және квалиметриялық әдісті қолдану негізінде анықталған.

Summary

INTEGRAL ESTIMATION LEVEL OF ECOLOGICAL SAFETY

In this article integrated security level on the basis of synergetic analysis and calculation using qualimetrical approach is determined

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА АНТРОПОГЕНДІК ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

С.Н. Иркимбаев - *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті,*
С.Н. Иркимбаев - *Алматы облысы №34 мектеп директоры,*
Ш.А. Кайдарова - *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ассистенті*

Жүйелі жолмен лекция немесе оқытудың басқада түрлерін өткізу тәсілдерін қолдану тындаушылардың білімін, біліктілігін арттырады. Солардың ішіндегі аса қажетті ақпарат- ол адамның жер қабаттарына, яғни жер бетіне тигізетін осал әсерлері болып отыр. қандай іс-қимылдар жерді тоздыру үстінде екендігі көрініс беруде. Адам жер қойнауынан өзіне керекті минерал ресурстарын алу жолында, жерге көп залал келтіреді. Әсіресе пайдалы қазбалар - металлдар, металл емес ресурстар (көмір, мұнай, газ және басқалар) алу кезінде жердің құнарлы бетін бұзады: құнарлы топырақтарды, өсімдіктерді, жер асты және оның бетіндегі сулардың режимін өзгерту үстінде. Соның салдарынан ол улар жоғалуда, немесе ластануда, өсімдіктер және әр түрлі жануарлар түрлері құрып келеді. Кейбір жерлерде жер асты байлықтарды алу процесстері нәтижесінде ол жерлер қопарылып, төмен түсіп жатқан жағдайлары бар. Мысалы, АҚШ-та Лос-Анджелес маңында мұнай, газ жер асты суын сыртқа шығарудың салдарынан төменгі жер қатпарлары аса үлкен қысымның көтерілуінен жер 8-9 метрге шейін төмен түсіп кеткен (1-4,5). Осындай көріністер ТМД елдерінде де бар: Қарағанды қаласының шетіндегі аудандарда кездеседі. Тағы бір мысал: Мехико қаласының кейбір жерлері - 9 метрдей төмен шөккен, Токиода - 7 метр, Осака қаласында - 2,2 метр, Техас - 12 метр,

Мәскеуде- 0,35 метр, Лондон- 0,3 метрге шейін төмен түскен. АҚШ-тың Аризона штатында кейбір жерлер 2-2,3 метрдей төмен түскен (1,2,3,5).

Сонымен бірге адамның шаруашылық іс-қимылының бірі- транспорт (жер үсті және жер асты).

Транспорт жүрісі жер қыртыстарын дірілдету арқылы топырақ көшуін туғызады, сонын әсерінен жер деформацияланады, шөгеді (1-3).

Тағы да, адам іс жұмыстарына байланысты жердің сыртқы көріністері өзгеріп отырады.

Соның бірі құрылыс материалдарын жер қабаттарынан алу үшін қолдан жасалатын жарылыс жұмыстары. Жарылыс кезінде жерге динамикалық салмақ түседі, қысылып тығығызды, содан кейін барып шөгеді, кейбірде топырақ көшкіні, опырылып құлауы, тастар, қиыршық тастар көшкіндері көрініс береді және де тарихи мұралардың ашылып қалуы мүмкін, немесе оларды көміліп көрінбеуі де болып тұратын жағдай.

Егістік жерлерді суғарған кезде жердің ұлғайып, көтеріліп, ісінулері де кездеседі, яғни литосфера жоғары өсті деген сөз. Ылғалдылықтың әсерінен жердің ісініп көтерілетін ортасы саздықұм балшық. Оған судың келуі біртіндеп пленкалар арасы толады, содан соң, капилляр сулары және гравитация сулары көп ылғалдан жиналады, ол бәрімізге анық. Топырақ түйіршіктері негүрлым майда су ондай сазды топырақтарда көп жиналады (1,2,3), фракциялық диаметрі 0,1 мм-ден кем болып келеді.

Сол себепті ондай жерлер тез ісінеді, яғни литосфераның жоғарғы қабатын ы н, өскендігін білдіреді.

Тағы да бір жағдай, адам іс-қимылына байланысты. Су қоймалары көп салынған жерлерде сейсмикалық активті жерлер көрініс бере бастаған. Бұндай жерлер Еуропа және Солтүстік Америка аумақтарында кездеседі.

Техногендік энергия литосфераға әсер етеді. Әсіресе локальді түрінде кездеседі. Адам іс-әрекетінен бір жерден бір жерге көптеген масса қалдықтарды, әр түрлі жолмен көшіру нәтижесінде литосфераның жоғарғы қабаты өзгереді. Сөйтіп, адам өзіне қолайлы орта жасаймын деп, литосфераға кері әсер етуде. қазіргі технолитогенез мынадай құрылымдардың тууымен пайда болып отыр: технолиттер, технолитоидтар деген процестердің нәтижесінде. Ал енді технолит дегеніміз не? Ол табиғат материалдарын шаруашылық іс-қимыл жұмыстарымен бір жерден басқа жерге көшіру, өзгерту мағынасын береді. Оған мысал: белгілі табиғат материалдарынан тұратын террикондар, төбелер, құм топырақтан жасалған тоғандар, темір және автомобиль жолдарына төселген қиыршық тастар, топырақтар, көмілген және тегістелген орлар, траншеялар, тағысын басқа шаруашылық іс-қимылдарды айтуға болады.

Технолиттер дегеніміз- ол көшірілмеген жерлер, бірақ технологиялық жолмен өзгертілген тау жыныстарын айтады. Оған жатады: тығыздалған, бекітілген, босатылған, ылғалданған, температуралық жолмен өңделген жерлер. Яғни, осындай жұмыстар арқылы, мысалы, кейбір жерлердің сейсмикалық төзімділігін арпырады. Тағы бір шаруашылық қимыл- ол технолитоидтар. Бұнда литосфераға деген адамның әсері. Жерді жасанды материалдармен өзгерту, бекіту. Оған бетондар жатады, аэродромдардың алаңын ыстыққа және суыққа төзімді бетондармен төсеу. Жасанды материалдарға жататындар: силикат кірпіштер, аглополиттер, темір- шыны, керамзитбетондар және

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж басқалар. Осындай жасанды материалдардың көбейгені сонша, олардың (аса биік, үлкен ғимараттардың) шамамен 80 млрд т. болып отыр. Ол деген литосфераға адамның істеп тұрған әсері. Осы тақырып, соның айналасына байланысты сұрақтарға жауап ретінде көптеген аксиомалы лекциялар, семинарлар, экскурсиялар жоғарғы оқу орындарында немесе мектеп оқушыларының арасында география және экология сабақтарында өткізген өте абзал.

(1,2,3,5,6). Сол сабақтар арқылы студенттер мен оқушылардың экологиядан және география пәніне біліктілігі артады. Себебі литосфераға адамның тигізетін әсері шаруашылық қимыл-істерінен болатын процестер екендігі әркімге мәлім. Тәжірибелер, әдебиеттен тағы да басқа информация көзінен келетін ақпараттар оқушылар ойына жаңа білім, жаңалықтар әкеледі, оларды бөлшектіре түседі. Әсіресе жер, яғни литосфера басты фактор адамның әлем кеңістігінде өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайтын негізгі компонент болып келеді. (1-6).

1. Карлова И.А Основы техногенеза. Кн.2. Факторы загрязнения окружающей среды. Владимир: ВГПУ, 2003.

2. Чайнико В.В., Гольдман Е.Л Оценка инноваций в освоении техногенных месторождений.М: Недра, 2000.

3. Юсфин Ю. С., Леонтиев Л.И, Черноусов П.И.Промышленность и окружающая среда. - М: Академикнига,2003.

4. Эдельштейн К.К. Водаохранилище России: экологические проблемы и пути их решения.М,1998.

5. Горкина Т.И Мировая энергетика в хх веке // География в школе.-2004.- М6

6. Антипова А.В. Экологическая обстановка в России на рубеже ХХ и ХХІ веков // География в школе. -2004-6.

Резюме

В данной статье разностороннее показаны влияния на окружающую среду антропогенных процессов.

Summary

In given article the impacts of anthropogenic process on environment is considered.

ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

3.3. Джонова - Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің аға оқытушысы

Экологияның күрт нашарлап кетуі адамдардың табиғатқа антропогендік әсері болып отыр. Атмосферадағы көмірқышқыл газдардың концентрациясының артуына байланысты климат өзгеріп, температураның жоғарлауына әкеліп соғады. Энергия көзі ретінде көмір, мұнай, табиғи газды пайдалану нәтижесінде және машиналардың көбейіп индустриялық революциясының өркендеуіне байланысты бұл процесс тезірек жүреді.

Жер планетасындағы атмосфераның температурасы артатын болса, планетаның көптеген бөліктерінде құрғақшылық болады, басқа жерлерде жаңбыр көп жауып, жерді топан су қаптайды. Полюстегі мәңгі мұздар еріп аралдар мен жағалауларды, мұхиттар мен теңіз сулары басып кетеді. Ауыл шаруашылығының өнімі нашарлап, халықтар мекенін тастап, күн көрістің қамымен басқа - ерлерге көшеді[1].

Табиғатты қорғау мәселесі бүкіл дүниежүзілік проблемаға айналуда. Экологиялық проблема дегенде ең алдымен Арал, Балқаш, Каспий, Семей қасіреттері еске түседі. Арал теңізі - Қазақстанның - інжу-маржаны. Арал теңізі ірі экологиялық апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі - 1066 км тереңдігі - 30-60 м, тұздылығы - 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлоғын терісі игерілген. 1966 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игілетін жер көлемі бұрынғыдан Өзбекстан мен Тәжікстан 1,5, Түрікменстанда 2,4, Қазақстанда 1,7 есеге өсті. Ал Амудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай 1970-1980 жылдар аралығында аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері - антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқынды дамыды (Шардара).

Оның үстіне ауылшаруашылығының басқа да салалары барынша дамыды. Өзен бойлары игеріліп, суды ысырапсыз пайдалану жүзеге асты. Мәселен, Аралға 1960-1965 жылдар арасында 44 мың м³, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде, Арал теңізінің деңгейі 23 м-ге дейін төмендеп, оның су айдыны 30-200 км-ге дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40 %-ға дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды қолдану бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Тыңайтқыштарды қолдану 10-15 есеге өскен. Осындай антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты. Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн. тонна тұзды шаңдар көтеріліп, желмен тарай бастады. Сонымен, Арал апатына себеп болған факторларға:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- ауылшаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барныша көбейтіп жіберу;
- жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау;
- табиғат ресурстарын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.

Осы аталған факторлар Арал теңізі экожүйесіндегі тіршілік атаулының экологиялық дағдарысқа әкелді. Бұл жағдайлар адам баласының қолдан істеген қателігі ретінде дүниежүзіне белгілі болды. Арал өңірінде туындап отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз суын таратуда. Оның фаунасы мен флорасы жойылып бітуге жақын. Топырақтың тұздануы өте жылдам жүруде. Арал теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқталып, соңғы 1-2 жылда ғана қайта қолға алынды. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздардың мөлшері жылына 13-20 млн. тонна деп есептеледі. Тіптен, тұзды шаңдар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауылшаруашылығына зардабын тигізуде. Арал өңіріндегі климаттың өзгеруі шөл белдеменің табиғи ландшафтарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз атропогендік экожүйелерге қарай ығыстыруда.

Арал өңіріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүрлеріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз қоныс аударуда[2].

Қазіргі Арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өңірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлану, сары су, өкпе-тыныс жолдарының қабынуы, жұқпалы аурулар республиканың басқа өңірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж
Арал теңізінің болашағы дүниежүзі халықтарының толғандыруда. Онын, біржола жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес көптеген Шығыс елдерінің тыныс-тіршілігіне өзгерістер әкелмек. Ал ауытқушылықтар антропогендік экожүйелердің тұрақсыздығын тудырады. Арал мәселесі соңғы 10 шақты жылда географ және эколог ғалымдар арасында жиі-жиі пікір таластар туғызады. Арал мәселесі туралы халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Өркениетті елдер қаржылай көмек көрсетуде. Олар негізінен Орта Азия республикалар, Ресей, АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер.

Арал теңізін құтқару жөнінде бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар. Олар:

1. Сібір өзендерін Қазақстанға бұру.
2. Амудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту.
3. Арал теңізін жартылай сақтап қалу.
4. Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу.
5. Жер асты суларын пайдалану.
6. Арал теңізінің өздігінен табиғи реттелуін немесе толысуын күту.

Әрине, бұл жобалар болашақтың ісі болғанымен, уақыт талабы оны күттірмейді. Бәрі де қаражатқа тірелуі мүмкін. Ал оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық.

Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. "Арал тағдыры- адам тағдыры" болғандықтан оны сақтап қалу аға ұрпақтың болашақ алдындағы борышы. Балқаш көлі - Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі. Көл Балқаш - Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі - 501 мың км², ұзындығы - 605 км, ені - 9-74 км аралығында. Ал ең терең жері - 26 м. Бұл көлдің 1970 жылдарындағы сипаты болса, қазір мүлдем басқаша. Жетісу өзендерінің ішінде Іле, Қаратал, Ақсу және Лепсі өзендерін Балқашқа құяды. Балқаш көлі шөлейт және шөл табиғат белдемдерінде орналасқандықтан, оның климаты шұғыл континентті болып келеді. Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады. Ұзақ жылдар тіршілігі тұрақты болып келген су айдынының қалыпты жағдайы өзгере бастады. Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлауы себебі Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей суармалы егістерге жұмсалыуынан. Оның үстіне бұрынғы кездерде Аягөз, Биен, Сарханд және Басқан өзендері Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған[3].

Аталған антропогендік жағдайлар Балқаш көлінің жағдайын шиеленістіріп жіберді. Балқаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай суқоймасы да әсер етеді. 1970 жылы Қапшағай суқоймасындағы Іле өзенінің суын бөгейтін Қапшағай бөгеті салынды. Оған қосымша Іле өзенін қоректендіріп отырған Шелек өзені Бартоғай бөгетімен бөгеліп, онда көлемі 300 мың м³ су жинақталды. Осылайша Үлкен Алматы каналы (БАК) салынды. Каналдың салынуына байланысты Шелек өзені Ілеге құюын тоқтатты. Іле - Балқаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990 жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25 %-ға азайды. Іленің орта ағысы мен төменгі сағасында Шарын күріш, Шенгелді көкөніс, Ақдала күріш алқаптары пайда болды. Осының бәрі Іле - Балқаш су алабының табиғи жүйесінде қалыптасқан тепетеңдік заңын бұзды. Балқаш экожүйесінің бұзылуының зардаптары. Іле - Балқаш экожүйесіндегі өзгерістер (әсіресе қапшағайдан төменгі бөлігі) өте сирек кездесетін Іле тоғайын, өзен жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның сағасындағы қамыс-қоғаның жайылуына себепші болды. Көлдің жағалаулары кеуіп, тұзды шаң жиі көтерілді. Ауа райы өзгеріп, қуаңшылық пен аңызак желдер үдеді. Балқаш көлі соңғы жылдары 2 метрге жуық төмендеп отыр. Сонымен көл жағалаулары батпақтанып, сорланың тақырлар мен шолдерге айналууда. Іле - Балқаш экожүйесінің, фаунасы мен флорасы зардап шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есе төмендесе, уылдырық шашу (қапшағай су қоймасы) тіпті азайды. Сонымен қатар балықтардың Іле бойындағы егіс, көкөніс алқаптарына пайдаланылған пестицидтер, тербицидтер және минералды тыңайтқыштар қалдықтарымен улануы жиі байқалуда. Іле - Балқаш алабы ит тұмсығы батпайтын тоғайлар, кішігірім көлдер, аралдар, андар мен құстар мекені болатын. Әсіресе 1960 жылдары жылына 1,5 млн-ға жуық бұлғын терісі дайындалатын болса, қазір бұл шаруашылық жойылған. Іле бойында және көл жағасындағы тіршілік ететін құстардың түрлері де азайып кеткен. «Қызыл кітапқа» енген акку, бірқазан, көкқұтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі [4].

Іле - Балқаш алабы Қазақстандағы тарихи-табиғи ескерткіштерге бай өлке. Бұл өңірде Шарын тау өзені мен оның бойындағы Шарын тауларындағы тастағы таңбалар мен тас мүсіндер және көне қорғандар жүйесі, Әнші құм атты табиғат туындысы, Алтынемел ұлттық саябағы, Кербұлақ сияқты қорыққорлар бар. Жетісу деп аталатын бұл аймақта 3 млн. астам халық тұрады. Ең ірі қалалары Алматы, Талдықорған, Жаркент [5].

Бұл өңірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгісі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды. Оның негізгілері:

1. Совокупность понятий о растительном организме.
2. Совокупность понятий об организмах низших растений (бактерии, грибы, лишайники, водоросли, мхи, хвощи и плауны, папоротникообразные).

3. Совокупность понятий о животном организме.

4. Совокупность понятий об организме человека. (рисунок)

Рисунок - Специальные понятия



Вместе с тем в каждой из этих групп специальных понятий выделяются категории понятий, соответствующие элементам основ биологических наук.

Общебиологические понятия представляют собой сквозные понятия, которые включают знания о биологических закономерностях, относящихся ко всей природе, ко всем живым организмам. Они обобщают специальные понятия биологических разделов и делятся на группы (рисунок).

Рисунок - Общебиологические понятия



Большинство этих понятий формируется в темах о растениях, животных, организме человека. Начиная с 9 класса, они развиваются, обогащаются, а также рассматриваются в новых связях и отношениях со знаниями о других системах.

В соответствии с целостным подходом к анализу проблемы исследования необходимо зйти возможность органической связи общебиологических и природоохранных знаний. Однако теоретический анализ учебно-методической литературы показал, что в действующей программах и учебниках еще слабо представленны естественнонаучные основы учения о биологических системах в организменном уровне. Недостаточно четко выделены знания о разноуровневом характере организации живого препятствует развитию таких важнейших и современных биологических понятий управление биологическими системами, сохранение их целостности, поддержание их производительных свойств. Односторонняя трактовка понятия об антропогенных факторах затрудняет формирование у школьников убеждения в необходимости охраны природы. Проводимый нами опрос учащихся 9-11 классов в ряде школ показал, что учащиеся старших классов имеют лишь общее представление о современных проблемах охраны природы Казахстана и своего региона в частности, порождающих их причинах и способах решения. Большая часть отвечавших учеников выделяют природные объекты, подлежащие охране с точки зрения вреда или пользы, отождествляют понятие «охрана природы» с заповедниками, Красной книгой и защитой от химического загрязнения.

Рассмотрим другую классификацию понятий, составляющих содержание курса биологии. Они очень разнообразны и находятся в постоянном развитии, поэтому перед учителем встает ряд задач, которые он обязан решить в процессе обучения.

Так, в школьном курсе «Познание мира» (первоначальная ступень обучения) формируются в основном первоначальные биологические понятия, которые впервые вводят детей в понимание закономерностей окружающего мира, опираются на чувственный опыт младшего школьника и печивают переход от понятия явления к его сущности. Эти понятия дают первую базу для

понимания более сложных понятий и терминов, с которыми предстоит познакомиться учащимся в дальнейшем изучении биологии, поэтому от того, как они усвоили первоначальные понятия, зависит успех обучения в среднем и старшем звене. Следовательно, есть необходимость рассмотреть тот механизм запоминания первоначальных понятий и схему работы с ними на уроках «Познания мира». Так, первичные наблюдения за различным состоянием воды, например, еще не позволяют установить осознанно причины изменения воды.

Школьники не могут объяснить характерных признаков растений, животных, так как у них сформированы только обобщенные представления. В процессе дальнейшей практической работы и наблюдений накапливаются знания о том, что эти объекты состоят из одного вещества, имеют различное состояние в зависимости от разной температуры среды. После этого на основе представлений формируются первоначальные научные понятия о свойствах живой природы.

Главная особенность первоначальных понятий состоит в том, что независимо от возраста учащихся осуществляется первоначальное усвоение закономерностей, сущности объекта или явления окружающей действительности на имеющейся у школьников чувственной основе. Например, до 2 класса учащиеся уже имеют определенные представления о природе, о многообразии ее представителей. Но только во 2 классе они изучают первоначальные научные понятия «природа, неживая», «природа живая», т.е. впервые начинают осознавать, что все многообразие предметов природы можно четко разделить на две категории: неживое и живое. Таким образом, усвоение первоначальных научных понятий обуславливает переход младших школьников к научному познанию объектов и явлений реальной действительности.

К первоначальным научным понятиям о природе и ее использовании человеком в начальной школе можно отнести такие: «неживая природа», «живая природа», «сезонные изменения в природе», «части растения», «организм человека», «части организма животных», «почва», «смена дня и ночи», «смена времен года», и др.

Природоведческие понятия в зависимости от различного количества предметов и явлений, отраженных в них, взаимосвязи с другими понятиями имеют свою характеристику: для них характерно содержание, объем, связи и отношения с другими понятиями.

Все биологические понятия имеют:

- содержание - совокупность признаков, отличающих одно понятие от другого;
- объем - количество объектов, охватываемых тем или иным понятием.

В зависимости от объема различаются понятия единичные, общие предметные, общие беспредметные (абстрактные, отвлеченные).

Под содержанием понятия подразумевается совокупность существенных свойств класса предметов и явлений, отражаемых в сознании с помощью данного понятия. По содержанию понятия в науке делятся на «простые» и «сложные». В применении к начальному курсу «Познание мира» простые понятия включают в себя один элемент знания о предмете или явлении природы. Так, понятие «линия горизонта» характеризуется как воображаемая линия кажущегося соединения неба с землей. Каждое понятие постепенно развивается, усложняется. Простое, начальное понятие, включающее один элемент знания, объединяясь с другими простыми элементами (понятиями), образует сложное. Например, при формировании понятия «горизонт» ученики сначала узнают, что горизонтом называется местность, которую человек видит вокруг себя (простое понятие). Далее они знакомятся с понятием «линия горизонта» (простое понятие). При последующем изучении понятия «горизонт» младшие школьники узнают, что горизонт имеет четыре основные стороны и может изменяться при движении (еще два простых понятия). Таким образом, по мере изучения понятия «горизонт» содержание его пополняется все новыми данными и к концу его изучения в сознании учащихся формируется сложное понятие «горизонт» - это местность, которую человек видит вокруг себя всегда. Горизонт ограничен линией горизонта. Горизонт имеет четыре основные стороны: север, запад, юг, восток. Горизонт и линия горизонта изменяются при движении.

Объем понятия характеризует количество объектов, отражаемых в сознании с помощью данного понятия или охватываемых им этим понятием. Исходя из количества объектов, отображаемых в нем, выделяют единичные понятия и общие. Так, в курсе природоведения 4 класса такие понятия, как песок, глина, гранит, торф, нефть и т.д., являются единичными понятиями, каждое из которых включает в себя определенное содержание. Вместе с тем эти единичные понятия характеризуются определенными общими свойствами, поэтому являются составляющими общего понятия «полезные ископаемые», которое в курсе начального природоведения объясняется как природные богатства, которые люди добывают из глубин земли или с ее поверхности и используют в хозяйстве.

Единичные и общие понятия находятся в неразрывном диалектическом единстве: общие понятия не могут быть осмыслены без опоры на единичные, так и единичные понятия могут образовываться только при наличии соответствующих общих понятий. В нашем примере единичные

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж
понятия о торфе, нефти, каменном угле и др. необходимо формировать при наличии знаний о свойствах полезных ископаемых, их значении в практической деятельности человека, т.е. с учетом содержания общего понятия «полезные ископаемые». Выделение единичных и общих понятий в определенной степени относительно, так как в конкретных учебных ситуациях понятия могут перемещаться из одной категории в другую. Так, понятие «торф» - единичное, но если рассматривать его параллельно с понятием «торф соседнего болота», то оно будет выступать как понятие общее.

Вместе с тем содержание школьного курса «Познания мира» включает в себя основы знаний разных наук: биологии, ботаники, зоологии, анатомии, физиологии и гигиены человека, географии; поэтому в системе понятий начального природоведения' следует выделять понятия биологические растения: василек полевой, рис, пшеница, камыш и т.д.; животные: суслик; насекомые: колорадский ;,кук и т.д.; скелет человека, мышцы, кожа и т.д.) и географические (горизонт, формы земной поверхности, полезные ископаемые и т.д.).

Таким образом, природоведческие понятия представлени биологическими и географическими, реди которых в зависимости от содержания выделяют понятия простые и сложные, а в зависимости от объема - единичные и общие.

Учебно-воспитательный процесс в 1-4 классах способствует подготовке школьников к восприятию и усвоению первоначальных научных природоведческих понятий. Анализ последних показывает, что они связаны с определенными понятиями школьных курсов математики, чтения, изобразительного искусства, сельскохозяйственного труда, познанием мира (таблица 1).

Пакулова В.М. сравнивает слова и термины, четко выделяет признаки последнего, раскрывает связь термина с понятием, в то время как не всякое слово связано с понятием. Термин без понятий не существует. Термин выполняет две функции:

1. Служит названием понятия (номинативная функция).
2. Отражает содержание понятия.

Ряд близких между собой фактов можно сгруппировать, выявить то общее, что их объединяет.

Результатом таких действий будет определение понятия, т.е. мысль; в которой отражены наиболее общие и существенные признаки изучаемого. «Знание фактов только потому и драгоценно, - говорил В. Г. Белинский, - что в фактах открываются идеи; факты без идей - сор для головы И памяти». Под идеями в данном случае следует иметь в виду узловые понятия о предметах или явлениях, лежащие в основе теоретических построений.

Между биологическими понятиями в свою очередь устанавливаются связи, проводится их обобщение. Такое последовательное выделение главного (генерализация учебного материала) помогает определить ядро биологических знаний, т.е. те общебиологические понятия, без которых невозможно осознанно усвоить содержание предмета. Генерализация учебного материала создает благоприятные

словия для переработки непрерывно растущего потока научной информации. Основные группы общебиологических понятий и связи между ними представлены на схеме 2. Это глубокие, обобщающие, мировоззренческие идеи, которые нужно суметь увидеть и осмыслить заранее, чтобы потом наладить эффективную работу по их усвоению.

Таким образом, естественно-научные понятия и термины формировались на протяжении столетий, поэтому имеют педагогическую базу и методологию их формирования на уроках биологии.

1.Верзилин Н.М. *Общая методика преподавания биологии.* М,1976.

2.Жунусова К, Алимкулова Р., Жумагулова К *Биология: Учебник для 6 класса.* Алматы., 2002.

3.Зверев И.Д. *Проблемы методики обучения биологии в средней школе.* М,1978.

4.Падалко Н.В., Федорова В.Н *Методика обучения ботаники.* М,1973.

Түйін

Бұл мақалада ғылыми биологиялық түсініктер мен терминдерді қалай енгізуге болатын жолдарды көрсетілген. Я.А.Коменский, В.Ф.Зуев, Всетвятский, А.Я.Герд, К.Д.Ушинский тағы да басқа педагоггер әр ғасырларда түсінектерге көңіл аударып оқушыларға білім беретін жолдарын көрсеткен. Ғылыми түсініктер тек қана білім емес, оқушылардың елестету процесін дамытады.

Summary

The special feature of education system is that on one side it acts as consumer, user, and on the other hand as creator of informational technologies that are used then in different spheres. Thus the main point is a process of teaching with its peculiarities, and computer is a powerful instrument that allows solving didactic tasks, which are unsolved.

ОҚУШЫЛАРҒА ХИМИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІММЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

З.О. Өнербаева - п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ,
Ж. Лахбаева - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 4 курс студенті

Қандай ғылым болмасын бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар жүйесін құрады, оларды жетік түсінбейінше ғылымның мазмұнын игеру мүмкін емес. Орта мектептегі химияның курсы да самаң ызды алғашқы ұғымдарды қалыптастырудан басталады.

Адам қоғам және табиғаттың бірлігі, заттардың жойылмайтыны, атомдармен молекулалардың анық арлығы жөнінде, ғылым көзқарас қалыптастыру үшін оқушыларға химиялық ұғымдар берілуі қажет.

Ғылыми ұғымдар оқушыларға дайын білім күйінде берілмейді, олардың санасында біртіндеп, өздерінің белсенді қатысуы арқылы қалыптасады.

Ал ұғымдарды қалыптастыру күрделі және әралуан сипаттағы процесс. Сонымен бірге химиялық ұғымдармен оларды қалыптастыруға ғылымдағы ұғымдардың дамуымен қалыптасуы процесін өзіндік логикасы бойынша ерекшеленетіні оқыту-тәрбие процесі.

Ұғымдар мен олардың жүйесін қалыптастырудың қажетті шарты олардың формасы мен мазмұны анықтамаға сақталғанда ғана қалыптасқан болып есептеледі. Ұғым формасының мазмұндылығы осы ұғымды бейнелейтін қоршаған ортамен объективтік шындық бейнесі арқылы анықталады [1].

Ұғымдар және олардың жүйесін қалыптастырудағы маңызды талап оларды бөлек күйінде емес, керісінше, бір-бірімен байланысын және қарым-қатынасын ескере отырып, теориялық жүйелілікті сақтап, әрбір ұғымның мазмұнын толықтай ашу. Мысалы, 8-сыныпта «қышқылдар» тақырыбын қайталау, қорытындылау сабағында оқушылардың қышқылдар туралы білімдерін кеңейту, белгілі бір жүйеге келтіру, химиялық тұрғыдан қышқылдардың құрамы, қасиеті тұрмыстағы қолданылуы, қышқыл жаңбырлар туралы түсініктерін қорытындылау және қышқылдар тудыратын экологиялық мәселелерді ашу мақсаты қойылды. Сабақтыңгімелесу көрнекі көрсетулер, сұрақ-жауап түрінде ұйымдастыруға болады.

Аталған тақырыпта өткізілген бұл сабақта оқушылар табиғатта кездесетін күнделікті тұрмыста қолданылатын қышқылдар туралы көп мәліметтер алып, танымдық деңгейлерін дамытады. Сондай-ақ, бұл тақырыптан жаратылыстану пәндері химия мен өзгара тығыз байланысты екендігіне көз жеткізеді.

Химия заттардың бір-біріне өзгеруін зерттейтін ғылым. Ол заттардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін, химиялық өзгеріс жағдайын, онда болатын әрекеттерді, оны басқаруға болатын әдістерді қарастырады. Демек, химияны оқыту әдістемесі мектептің химия курсына дағы осы заңдылықтарды оқушыларға үйрету жолдарын, түсіндіру тәсілдерін, зерттейтін педагогикалық ғылым деп түсінуіміз керек.

Химия ғылымының әр саласы заттармен құбылыстарды сипаттайды оның өзіндік ұғымдары, теориялық қорытындылары, заңдары, өмірмен байланысы, өзіндік тарихы және даму ерекшеліктерін қарастырады.

Химиялық ұғымдарды қалыптастыру бір мезгілдік нәрсе емес, олар пәнді оқушылар әрі оқып үйрену процесінде дамиды, жаңа белгілер мен ұғымдар дамиды, түсіндірілуі тереңдейді ұғымдарды қалыптастыру үшін кезеңнен тұрады: бірінші әзірлік кезеңі, ол қалыптасатын ұғымның тірегі; екінші кезеңде ұғымның алғашқы қалыптасуы іске асырылады; ал үшінші кезеңде ұғымды кейінгі таным процесінде қолдану мен және көлемі мен мазмұны бойынша оны дамыту мен сипатталады.

Орта мектептегі химия курсының оқытуда ұғымдар қалыптастыру теориясының дамуына ақтарыс химия ғиәдіскер В.Н.Верховский еңеулі еңбексіңірді [2]. Көптеген әдістемелік еңбектердің авторы С.Г. Шаповаленко [3] химиялық ұғымдарды қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосты.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында химияда бұрыннан қалыптасқан генетикалық байланыс ұғымын заттың құрылысы жөніндегі ұғымдар алмастырды.

Атомның құрылысын зерттеуге басана зарау дарылды, соның нәтижесінде кванттық механикалық ұғымдар теориясы пайда болды. Ол заттың ішкі құрылысын тереңірек зерттеуге басана зарау дарды. Сөйтіп, атом-молекулалық ілім, құрам тұрақтылық заңы массаның сақталу заңы, химиялық элементтердің периодтық заңы, органикалық қосылыстардың құрылыс теориясы т.б пайда болды.

Химияны оқыту, білім беру және тәрбиелеу мақсаттарының бірі-оқушыларға химияны саналы, жүйелі әрі баянды меңгерту. Ол ұғымдар жүйесін дұрыс меңгеруге байланысты түсіндіріледі.

Білім заттар мен қосылыстардың елеулі белгілері мен олардың өзара байланыстары туралы ғылыми ұғымдардан құралады. Ұғымдарды меңгеру арқылы оқушылар болмысты танып - біледі, өмірлік қажетіне пайдаланады. Болмысты танып - білудің басты кезеңі - заттар мен қ-ұбылысты сезіну және түсіну, осыдан запарды тұтас бейнелейтін қабылдау пайда болады. қабылдаудың негізінде оқушы ойында бейне түрінде сақталатын елестер туады.

Олай болса, ұғым - ақиқат нәрсенің жалпы және елеулі белгілерін ғана бейнелейді. Елеулі белгілер заттарды сипапауға және оны танып білуге мүмкіндік береді. Заттардың елеусіз белгілері оны басқа заттардан айыруға және танып - білуге мүмкіндік бермейді.

Химиялық заттар, құбылыстар бірімен-бірі тығыз байланысты ұғымдар жүйесінен тұрады, оларды жете түсінбей ғылымның мазмұнын игеруге толық мүмкіндік болмайды. Орта мектептің бейорганикалық, органикалық химия курсы мен меңгеруде бастапқы химиялық ұғымдарды жете түсінудің оқу-тәрбиелік маңызы өте зор.

Философиялық таным теориясы тұрғысынан алғанда ұғым заттың мазмұны немесе құрылысы туралы түйінді ойды көрсетеді, құбылыстар мен заңдарға тән белгілермен елеулі қасиеттерін даралап көрсету ұғымының негізіне саналады, сонымен қатар әрбір заттың басқа заттар тобымен ұқсастығы, айырмашылығы бар, сол арқылы анықталады.

Химияда «Зат» деген ұғымның мәні кең әрі терең. Бұл жөнінде дұрыс түсінік беру үшін оны ең жақын «туыстық» түсінікке жақындатып анықтама (балама) беріп, басты белгілерін көрсету керек. Жақын түсінік «материя» бұл оқушыларға қиындау түсінік заттарды оқып үйрену, анығын айтқанда көзбен көруден басталады», бірақ көзбен көруге болмайтында ұғымдар бар, олар басқа белгімен салыстыру арқылы меңгеріледі.

I. Химияның бастапқы ұғымдары

а) Атом - молекулалық ілім деңгейіндегі түсініктер: Атом, валенттілік; Молекула; Химиялық элемент; Зат, жай зат, күрделі зат; Элементтің салыстырмалы атомдық массасы және заттың салыстырмалы молекулалық массасы; Зат мөлшері, моль. Мольдік масса; Авогадро саны; Газдардың мольдік көлемі, салыстырмалы тығыздығы; Химиялық реакцияның типтері; Заттың формуласы, индекс, коэффициенті.

Оқу материалын бұл тақырыпта жинақтаудың негізгі мақсаты - зат және химиялық реакция туралы атом - молекулалық ілім деңгейі тұрғысынан химияның білім жүйесін қалыптастыру. Мұнда төмендегідей ұғымдар оқытылады: жай және күрделі зат, физикалық құбылыс және химиялық реакция, химиялық реакцияның типтері(қосылу, айырылу, орынбасу).

Атом – ең басты ұғымдардың бірі. Заттың құрылысында молекула болмауы мүмкін, ал оның құрамына атом кірмеуі мүмкін емес. Сонымен бірге атом арқылы химиялық элемент және жай зат ұғымдары шектеледі., олардың арасын сызба нұсқа арқылы былай көрсетуге болады:

Жай зат -----атом-----элемент.


Элемент ұғымы атомының анықтамасына, жай зат ұғымы элементтің анықтамасына кірмейді.

Бірақ әдебиеттерде атомды химиялық элементтің ең кішкене бөлшегі, элементті химиялық жағынан бөлінбейтін зат деп қарау кездеседі [4].

Қазіргі оқулықтарда жай зат және элемент ұғымдарының анықтамасы ұқсас, алдымен жай заттарға атомдардың бір түрінен құралған заттар деген анықтама беріледі де, соңына атомдардың бір түрі деген белгі химиялық элементке танылады. Сондықтан жай заттарға атомдардың бір түрінен дегеннен гөрі. Бір ғана элементтің атомдарынан құралған заттар - деп анықтама берген дұрыс болар еді [5].

Бұдан кейін оқушыларда атом - молекулалық ілім деңгейінің негізгі түсініктері: атом молекула, химиялық элемент сәйкес келетін сандық түсініктермен: химиялық элементпен байланысты салыстырмалы атомдық масса (А), валенттілік, химиялық таңба, атоммен байланысты атомдық бірлігі(м.а.б.), моль, молекуламен байланысты салыстырмалы молекулалық масса (Мг), молекулалық формула (М), мольдік масса(М), Авогадро саны (Nл) байланысты қалыптастырылады. Олардың арасындағы байланысты сызбанұсқа арқылы көрсетуге болады [2,3].

Химиялық элемент, атом және зат ұғымдарының байланысы



Сызбанұсқадан барлық басқа ұғымдардың атом ұғымына байланысы, мысалға алынған атомдардың, элементтердің және олардың жай заттарының таңбалары, аталуы, кейбір сандық көрсеткіштерінің бірдей екені көрініп тұр. Мектеп сарамандығында оқушылардың химиялық элемент жай зат ұғымдарын шатастырағыны әдістемелік әдебиеттерде жиі айтылады, Мұны болдырмау үшін мұғалім әр жағдайдағы химиялық таңбаның мағанасын жете түсініп, оқушыларға жеткізе білуі керек.

Маңызды ұғымдары анықталған соң атом - молекулалық ілімінің негізгі қағидалары түсіндіріледі.

Бұл ілім заттардың құрылысын және физикалық құбылыс, химиялық реакциялардың журу жағдайын түсіндіреді. Химиялық айналулардың жағдайы бастапқы заттарды құрайтын атомдардан жаңа заттардың түзілуімен қорытындылады. Бірінші тақырыптың бастапқы ұғымдары осы қағидалардың, негізінде қалыптасады. Бұдан кейінгі 4 тақырыпта оттегі, сутегі элементтерін, олар түзетін жай және күрделі заттарды, бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарын оқып үйренуде жетекші роль атқарады.

Химияның бастаты ұғымдарын қалыптастыру әдістемесі осы кездегі үстем әдістемелік көзқарастық тұрғысынан қарастырылады. Бұл көзқарас бойынша ең басты тірек ұғым - зат қалғандарың заттық қасиеттері, заттың құрамы, заттың құрылысы, заттың химиялық реакциясы оған қарағанда туындайтын ұғымдар болып табылады. Ұғымдардың мазмұны мен көлемі 8 сыныптың алғашқы бірінші тарауында атом - молекулалық ілімінің деңгейінен түсіндіріліп, осы ілім тұрғысынан қалыптасады.

1. Л.А.Косолапова, Л.И.Груденов «Применение общедидактических приемов в работе с Учебником» химия в школе. 1989 М 5 с 24 - 27.

2. В.Н Верховский и др. Методика преподавания химии в средней школе 2-е изд. Перераб. М.-л.учпедгиз, 1936.

3. С. Г Шаповаленко. Методика обучения химии. в восьмилетней и средней школе (общие вопросы). М, учпедгиз, 1963.

4. З.О. Өнербаева., С. Маманова. Бастапқы химиялық ұғымдар тарауына әдістемелік талдау. Химия мектепте. 2007 ж. №2. 2007. 17 - 21 б.

5. З.О. Өнербаева., Нурахметова А.Р. Түсініктер жүйесін қалыптастыру. Химия мектепте. 2007 ж. № 3. 2007. 10 - 13 б.

Резюме

В статье рассматривается темы школьного курса химии, ее образовательные, развивающие возможности позволяют определить задачи ее изучения; Обобщать имеющиеся у учащихся эмпирические сведения о веществах, их свойствах и изменениях, полученные в курсах природоведения, биологии и физики, наполнить их химическим содержанием; Раскрыть содержание первоначальных химических понятий, законов химии и химического языка; Закрепить в химических терминах и символике основные понятия и законы химии и выработать умения оперировать ими;

Summary

In article it is considered themes of a school course of chemistry, her educational, developing possibilities allow to define problems of her studying: To generalise emirical data available for pupils on substances, their properties and the changes, received in courses of natural study, biology and physics, to fill with their chemical maintenance; To open the maintenance of initial chemical concepts, laws of chemistry and chemical language; To fix in chemical terms and symbolics the basic concepts and laws of chemistry and to develop abilities to operate with them;

ӘОЖ 373.5.016.026.9:54

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНДАМУЫ - БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

М.Б. Аманбаева - *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагогтар қауымы болып табылады. Педагогтарды дайындайтын жоғарғы оқу орындарында студенттерге бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, болашақ маманның оқу ордасында жұмыс жасауға психологиялық, педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан дайын болуын, өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті адамдарды қалыптастыруды көздейді.

Соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғымы - құзіреттілік (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір ұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Құзіреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл білім, білік, дағдының жайғана жиынтығы емес, сонымен бірге оқу білім алушының іс-ірекет тәжірибесімен құндылық бағдарларының жүйесін көрсетеді.

Құзіреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктердің – жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алуға білетіндігі [1]. Осы орайда, білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, міндеттері мен оны жүзеге асыруда болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыттарының анықталу маңызды.

Демек, құзіреттілік - маманның барлық мәселелер шеңберінде жетік хабардар болуы, құзіреттіліктің негізгі бағыттары:

- а) Білімділік;
- ә) Әлеуметтік - этникалық;
- б) Экономикалық;
- в) Психологиялық;

Бағыттардың жұмыс барысында жүйелілігі сақталатын болса, болашақ мамандарда кәсіби құзіреттілік қалыптасады.

Құзіреттіліктің негізгі белгілері:

- тұлға аралық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;
- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі;
- тиімді шешім қабылдауға қабілеті.

Әдіснамалық шешімдердің бірі - кәсіби дайындықтың мақсатты бағдарына сәйкес

Оқытушының кәсіби – тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады. Жаңа формациядағы болашақ педагогтардың біліктілігін арттыру үшін, бірнеше құзіреттілік қалыптастыру оқытушылардың міндеті.

Биология мамандығының студенттерін мысалға алып, құзіреттіліктің төмендегі түрлерін жіктеуге болады (2)

Арнайы құзіреттілік –

өзінің кәсіби қызметімен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуынан әрі жобалай білетін қабілет.

Құзіреттіліктің бұл түрін толық, өз мәнінде игеру үшін педагог:

- биология пәнінегіздері бойынша білім жетілдіру курстарына бірнеше түріне баруы керек;
- аудан, облыс, республика көлемінде ОН-ЛАЙН режимінде ашық сабақтар беру керек;

- облыс, республика, халықаралық көлемде өтіп жатқан ғылыми- әдістемелік және ғылыми - практикалық конференцияларға қатысып, баяндама жасап, өз іс - тәжірибесін ортаға салуы керек;
 - өз іс- тәжірибесін ғылыми-әдістемелік басылымдар арқылы тарату керек;
- биология пәні бойынша оқу- әдістемелік кешендер, авторлық бағдарламалар әзірлеуі тиіс;
- оқу - тәрбие жұмысының өзекті мәселелері бойынша жүргізілетін диспуттар мен пікірталастарға қатысуы тиіс;
- түрлі әдістемелік тақырыптарға ұйымдастырылып жатқан педагогикалық оқуларға қатысу;
- өз білімін жетілдіру бағытында тиімді жұмыс атқару.

Әлеуметтік құзыреттілік - бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен), қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу яғни биология пәні бойынша әріптестермен бірлесе отырып, тест жинақтарын құрастыру;

- әдістемелік бірлестік отырыстарына дайындалу, өзекті мәселелерді көтеру; мектептегі өтіп жатқан эксперимент жұмысына қатысу, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға атсалысу;
- шығармашылық топтарға жетекшілік ету; ұжымдағы әріптестермен іскер қарым-қатынаста болу.

Білім беру құзыреттілігі - білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті, яғни:

- интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушы қызығушылығын ояту;
- әр сабақты өмірмен байланыстыра отырып өткізу;
- өз алдына мақсат қоя отырып, оқу- тәрбие үрдісіне төмендегідей жаңаша көзқараспен қарау;
 - а) нені үйрену керек,
 - ә) қалай үйрену керек
 - б) не үшін үйрету керек
- таным процесі туралы бұрынғы біржақты түсінікті екі жақты диалогтік қатынасқа негіздеу, яғни оқытушы мен студент арасындағы тең жағдайдағы қарым-қатынасты орнату;
- негізгі рөлді өздігімен құрастыратын студент орындайтын «білім игеру» үрдісін айқындайтын орта құру;
- білімді дайын күйінде ұсынбай, ізденіс пен зерттеу мүмкіндіктерін тудырып, студенттерді соған бағыттау және ынталандыру;
- студенттер арасында ашық және еркін түрде шығармашылық қарым-қатынас жасай алатын жағдайлар қалыптастыру;

Ақпаратты құзыреттілік - бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау (түсіндіру, талдау жасау) білігі, яғни:

- карточкалық және электрондық каталогтарды және Интернет жүйесін қолдану;
- биология пән бойынша электронды Оқулықтарды пайдалану;
- интерактивті сабақтарды көру, қатысу, өткізу;
- мультимедиялық кабинеттің тиімділігін пайдалану;
- алыс, жақын шет елдегі және Республикадағы өз әріптестерімен тәжірибе алмасу және білім саласында болып жатқан жаңалықтарға жақын болу мақсатына жеке электрондық пошта ашу;
- Қазақстан . Республикасының Білім және ғылым министрінің сайтындағы жаңа ақпараттармен қарулану.

Педагогтың кәсіби құзыреттігін қалыптастыру тақырыбын технологиялық амал негізінде жүргізу өзектендіре түсуді, Жаңа оқыту технологияларын білім беру жүйесінде қолдану оқытушының кәсіби біліктілігін көтерудің жаңа деңгейін қамтамасыз етеді. «Оқу үрдісін жобалаудың технологиялық деңгейге шығуы және бұл жобаны жүзеге асыру педагогты кәсіби білімі жоғары маман етеді, оны формальдылықтың құрсауынан бастады, және шығармашылықты дамытудың жаңа көкжиектерін ашады».

Біліктілікті арттыру жүйесінде оқыту технологияларын қолдану мынадай міндеттерді шешуге жәрдемдеседі:

- Оқу үрдісінде оқытушыларды қажетті ақпаратпен (ғылыми- теориялық, технологиялық, әдістемелік, т.б.) қамтамасыз ету
- Педагогтардың түйінде құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- Базалық және қосымша білім беруді кіріктіру;
- Педагогтардың кәсіби дамуға деген уәжін көтеру,

Бәсекеге қабілетті маман даярлау - шын мәнісінде маманның әлемдік деңгейге қойылатын талаптарға сай болуы, білім берушілерге тікелей қатысты. Бүгінгі студент - ертеңгі маманның бойында

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытушы да жоғары құзыретті болуы шарт және әрбір оқытушы үздіксіз ізденісте болуы қажеттілігіне заманауи ұстазының бейнесін жасау. Осы тұста, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдірудің маңызы құралы оқу процесінің біртұтас жүйеге біріктіретін жақсы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс болып табылады. қазіргі жағдайда әдістемелік жұмыстың рөлі оқытудың жаңа әдістері, тәсілдері, түрлерін, білім және тәрбие мәселелерін шешуде жинақталған тәжірибелерді тиімді және жылдам пайдалануда арта түседі (Кесте 1).

Кесте 1. Интерактивті және дәстүрлі оқыту әдістерін салыстырмалы кестесі

Салыстырмалы критерийлері	Дәстүрлі әдістер	Интерактивті әдістер
Ақпарат көлемі	Ақпараттың аз көлемі көп уақыт қажет етеді	Қысқа мерзім ішінде ақпараттың үлкен көлемін зерттеуге болады
Игеру пайызы	Жоғары емес	Жоғары
Оқытушының ролі	Оқытушы тек білім көзі болып табылады	Оқытушы көшбасшы есебінде көрінеді
Студенттің ролі	Белсенді емес: оқыту үрдісінде маңызды шешімдерді қабылдамайды	Белсенді: оқыту үрдісінде маңызды шешімдер қабылдайды
Бағалау	Қарапайым жүйе бойынша	Күрделі: жаңа критерийлердің енгізілуін қажет етеді

Біліктілікті арттыру жүйесінің мақсаты оқытушыға белгілі бір ақпараттар мөлшерін беріп қана қоюмен шектелмейді, ол сонымен қатар, кәсіби әрекетінің негізгі ажырамас бөлігі ретінде өздігінен оқу мен өздігінен білім алудың танымдық стратегияларын қалыптастыруға бағытталады. Соған байланысты студенттің ғылыми-практикалық дайындығының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін, басты екі проблеманы шешу қажет: студентті іргелі білімін тереңдету мүмкіндігін қамтамасыз ету; және өзіндік жұмысын ұйымдастыру амалдарын жетілдіру.

Бүгінгі таңдағы білім берудің басты мақсаты - әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен дербес білім алуға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Ол мындай міндеттердің шешімін табу арқылы жүзеге асырылады [3]:

- негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеруге, алған білімдерін әрі қарай жалғастыруға қажетті жағдайлар жасау;
- дербестік ізденісті дамытуға жағдай жасау арқылы жеке тұлғаның ой-ересін жоғары деңгейге көтеру;
- өзінің елін, жерін, ана тілін сүйуге, халқының салт-дәстүрін, Конституциясын, рәміздерін құрметтеуге, Отан алдындағы борышын дұрыс түсінуге тәрбиелеу;
- тұлғада республиканың қоғамдық саяси-экономикалық және мәдени өміріне қатысты қажеттілікті өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
- әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне бой ұру;
- қазақ халқының және республикадағы басқа ұлт өкілдерінің тарихын, салт-дәстүрін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс және шетел тілдерін меңгеру;
- оқыту мен білімді ақпараттарды ру технологияларымен қамтамасыз ету және халқаралық ғалымдық коммуникациялық желілерге шығару.

Қазақстанның әлемдік деңгейдегі бәсекестілік басымдылығын негіздеуі және мемлекетіміздің ұлттық мәртебесін бекітуде отандық ғылым мен білімнің белесінділігі биіктікпен өлшенетіндігі педагог құзырлығының іс- әрекетінің заңдылығы сипаттайды.

Қорыта келе, жоғарыда аталған құзыреттіліктер біліктілік жетілдіру жүйесіндегі педагогтардың кәсіби дайындығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты дидактикалық проблемаларды шешуге ықпал етеді деп ойлаймыз. Олай болса, мемлекет алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

1. Полат Е.С Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М. 2005

2. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзыреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми - практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009 ж., Б. 403-420

Резюме

Обеспечение качества образования через развитие профессиональной компетентности педагогов

В данной статье рассматриваются обеспечение современного качества образования через развитие профессиональной компетентности педагогов и описываются основные компоненты профессиональной компетентности педагога.

Summary

Provision of quality of education by development of professional competency of teachers

In given article provision of modern quality of education by development of professional competency of teachers is considered and main components of professional competency of teachers are described.

ӘОЖ 373.5.016.026.9:54(574)

ЗОНААРАЛЫҚ КЕШЕНДІ ПРАКТИКАНЫҢ БАҒАЛАУ ДҮНІСІН ЕНГІЗУ ДІҚАРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Н.Б. Байшалов - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аталып отырған зонааралық кешенді практика, соңғы 5-6 жылға дейін Алыскешенді практика деп аталып, «География» мамандығының бітіруші курс студенттері үшін арнайы ұйымдастырылатын оқу-тәрбиелі жұмысының құрамдас бір бөлігі болып келеді. Осы оғаларымды жазып отырғанда 1976 жылдың мамыр-маусым (ол кезде алыс маршруттық практика 1 ай болатын) айлары ескетпеседі. Сол жылғы Абай атындағы ҚазПИ-нің жаратылыстану-география факультетінің 3 курсы, 2 тобының студенттері аға оқытушылар Карпеков Қ.Д. және Ахметов Е.А. басшылығымен Алматы-Свердлов-Ленинград-Карелия-Мәскеу-Алматы маршруты бойынша, осы Алыскешенді практиканы өткізіп, үлкен толқыныспен Алматыға оралғанымыз бар. «Көктемнің бір күні жылға азық» демекші, сол 1 айлық практикада алған әсерлеріміз әлі күнге дейін жатталып қалыпты.

Әсіресе Ресейдің бай табиғаты, ит тұмсығы батпайтын уормандары мен маңғаз өзендері, айрықша аңғарлы қайыңды уормандары мен Кунгурдың карстылық үңгірі, Карелияның «мыңкөлдi қаймағы» және т.б. табиғи ландшафтары, сонымен бірге өзіндік қайталанбас орны бар, адам қолынан туындаған тарихи-рекреациялық қорындар болып табылатын Исаакиев соборы, Кунсткамера, Эрмитаж, Петродворец, Кижи аралының сәулет өнері және т.б. біз үшін құбылыстық сипатты осындай орындар бала психологиямызға ерекше әсер етіп, тереңіні салғаны рас.

Осы практиканың өту дәрежесіне сол кезеңде үлкен көңіл бөлінетін, сол мезгілде біздің курстың 1 тобы (ішінде әріптесім Увалиев Т. бар) Алматы-Орта Азия (Өзбекстан, Түркменстан), Каспий көлі арқылы Әзірбайжан, Гүржістан араттап, екі тобымыз да Мәскеуде кездесіп, содан Алматыға бірге оралғанбыз. қайтар жолда сонау Мәскеу қаласы орналасқан аймақтан Алматы қаласына дейінгі жол бойындағы барлық табиғат белдемдерін басып өтіп, осы маршрут үстінде жатқан қалалар, ірі елді мекендер, кәсіпорындар, табиғи-рекреациялық нысандарды тамашалап, олардың ерекшеліктерін өз көзімізбен көріп, көңілге тоқумен болдық.

Расында, оқу практикалары барысында студенттер өздерінің дәріс және машықтану сабақтарынан аттан теориялық білімдерін тереңдетуге және бекітуге жақсы мүмкіндіктер алады.

Экономикалық және физикалық географиядан өткізілетін осы зонааралық кешенді практиканың мақсаты - студенттерге далалық және маршруттық эконом-географиялық зерттеулер мен бақылаулардың дағдыларын меңгерту; алғашқы материалдарды жинақтаудың, өңдеудің, сараптау мен қорытындылаудың әдістемелерін үйрету; оқулық және ғылыми әдебиеттердің материалдарын өз бақылауларымен саттыстыруды білгізу. (1). «Жүз естігенше бір көрген артық» демекші, осы практика барысында, студенттер табиғи ландшафтарды көздерімен көріп, ерекшеліктерімен танысады,

Практикаларды өткізу Нұсқаулығының Ережесі бойынша аталмыш практика, оқу ғимараты тұрған аймақтан басқа климаттық белдеуде өтуі керек (1). Өтпелі кезеңнің қиыншылығы, тарына қарамастан, практиканы өткізудің осы басты шарты сақталып келді деп айтуға болады, біз өтпелі кезеңнің қиын кездерінің өзінде оңтүстік өңірлерді еркін аралап, Ташкент, Самарқан қалаларына дейін барып қайтатынбыз.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж Шынымен, осы практиканың студенттерге берері де мол, осы бір аз уақыт аралығында студенттер, факультетіміздің ұлағатты ұстаздары Карпеков Қ.Д., Ахметов Е.А., Әбілмажинова С.Ә., Байшалов Н.Б. тағы басқалардың осы маршруттар бойынша арнайы дайындаған дәріс материалдарын тыңдайды, жергілікті жердің табиғи және антропогендік ландшафтыларының ерекшеліктерін өз көздерімен көріп, кәсіпорындарды аралайды, халықтың тыныс-тіршілігімен танысып, өлкетану материалдармен сусындайды. Осындай, кешенді практикалар болашақ ұстаздарды географиялық зерттеулерді өз бетінше жүргізе алу және осы өлкетану материалдарын жүйелі түрде келешекте қолдана білу дағдысына баулиды деп айта аламыз.

Бүгінгі күні университетіміздің жаңа басшылығы тарапынан біздің факультеттің практика өткізу туралы ұсыныстары жеткілікті дәрежеде қолдау тауып, практикаларды ұтымды өткізуге мүмкіндіктер ашылып отыр. Соның бір мысалы, 2007-2008 оқу жылының аяғында, тұңғыш рет жаңа екі маршруттың негіздемесі жасалып, университет басшылығының қолдауымен Алматы- қарағанды- Астана- Бурабай- Көкшетау және Алматы- Талдықорған- Өскемен (радиалды маршруттар) -Алматы бағытында 10 күндік практика өткізіп қайттық .. Біз де өз тарапымыздан ризашылығымызды білдіріп, осы бір аса маңызды практиканы өз деңгейінде өткізуге ылғи да университет басшылығынан қолдау болады деп сенеміз. Менің ойымша, бұл практиканы жаңа биіктерге көтерудің тағы бір өзектілігі- оның кәсіптік бағдар беру ісінде ерекше көрінетіндігінде деп білемін, еліміздің әртүрлі аймақтарындағы (Бурабай, Астана, Ертіс өзені, Балқаш көлі, Алакөл, Алтай таулары Т.б.) географиялық нысандар фондындағы біздің студенттер бейнеленген фотосуреттер, киноматериалдар Т.б. талапкерлерді бізге тартуға қомақты себеп болып, айрықша қызықтыруы қажет.

2009-2010 оқу жылының 05 қазаннан 15 қазанға дейін әріптесім Увалиев Т.О. бірге 050116 «География» мамандығының студенттерімен Алматы-Мерке- Тараз-Шымкент-Сайрам- Түркістан Кентау- Алматы маршруты бойынша Зонааралық кешенді практикаға барып келдік. Осы практика барысында 40-тан астам физгеографиялық және эконом-географиялық нысандарды тамашалап, практикаға қойылған міндеттерді толығымен орындап қайттық. Практиканы қаржыландыру белгілі себептермен, толымды болмағанмен де, жалпы өзіміз жоспарлаған нысандардың барлығын да тамашалап, студенттер әсерленіп оралды. Бұл практика барысында олар Меркенің ең әсем жерлерінде Мерке өзенінің шипажай орналасқан жоғары аңғары, осындағы су электр стансасы орналасқан ең шұрайлы жерлерде) және бірнеше кәсіпорындарда, орталық мұражайда болды. Биыл тұңғыш рет Тараз минералдық зауытын аралауға рұқсат алдық, осы жерге жақын орналасқан, Жаңадан ашылған металлургиялық зауытта болдық. Әрине, бұл маршруттағы негізгі орынды - Шымкент қаласы алады, практиканың көп бөлігі осы қалада өтіп, осы жерден радиалды маршруттар ұйымдастырылады(Сайрам, Түркістан, Кентау қалаларына).(2).

Мақаланың негізгі ой-арқауы, осы практика барысын бағалаудың баллдық жүйесі жайында болмақ .. Себебі, барлық қорытындылау студенттердің рефераттар, күнделіктері н тапсыруы, жалпы қорытынды Есеп жасауы) жұмыстары біткеннен кейін, олардың әрқайсысын бағалау баллдық жүйемен жүргізілетінін білдік. Мұнан кейін әріптесім Увалиев Т. ақылдасып, оларды бағалаудың критерийлерін енгіздік. Ол төмендегідей көрінеді:

10 күндік практикаға барып, ешқандай ескерту алмаған студенттерге - 50 б. беру

Күнделік жүргізуі- 15 б. дейін, төменгі деңгейі - 5 б.

Реферат орындағаны - 10 б. дейін, төменгі деңгейі - 5 б.

Практиканың қалған күндері Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша барған әрбір нысанға- 2 б.

Қорытынды баллдар жүйесі - $50 б. + 15 б. + 10 б. + (Алматыда барған нысандар - x) = 100 б.$ дейін жинауға болатындай көрсеткіш дайындалды.(3)

Осындай жолмен қорытындылау нәтижесінде күтпеген, бірақ менің ойымша әділ бағалау жүйесінің қорытындысын алдық деп айта аламын. Біздің бағалауда ең жоғары көрсеткіш 95 б. аспады(оның өзі небәрі 4 студент), қалған баллдар амплитудасы өте әртүрлі шаманы құрады. Осылай бағалау жүйесінде, жоғарғы 15 б. күнделіктің өзіндік ерекшеліктерімен жазылғандарына ғана, яғни біреуден көшірілмей, өзінің ой-түсінігіне негізделген, байқағыштық деңгейі барларына ғана берілді (өкінішке орай, олардың пайыздық үлесі төмен болды). Осы бағытта жұмыс істеу керектігіне енді назар аударатын боламыз.

Міне, осындай балл жүйесін енгізу кезінде 95 б. төмен балл алып көрмеген студенттер кәдімгідей реніштік танытты, бірақ әділ баға алғандарына көздері жеткеннен кейін, мұндай мәселе қайталанбады. Осы бір бетбұрыстан кейін, төменгі курс студенттерінен бастап, жалпы практикаларға деген көзқарастардың өзгеретіні нақтылы болады деп санаймын және оның негізгі себепшісі - енгізіліп отырған балл жүйесі болмақ.

Топ арасында темірдей тәртіптің керектігі, осындай алыс маршруттық практикада ерекше өзекті көрінеді. Жоғары курс студенттерінің ішінде осындай арнаулы бағдарламамен шығатын

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж практиканы, сейіл құруға шыққан экскурсия деп ағат түсі нетіндері де болып қалады. Мұндай келеңсіздіктерді біз де уақытында ауыздықтап отырамыз. Дегенмен де 2-3 оқытушының 50 студенттің әрқайсысын назарда ұстап отыруы, іс жүзінде үлкен қиындықтар тудырады, себебі біздің тікелей атқаратын міндетіміз де көп қырлы болып келмімаршрут бойында физикалық және экономикалық географиялық сипаттама беріп күнделіктеріне жазғызу, студенттердің, онақүйлерге орналастыру, арзан және тойымды тамақтану мәселесін шешу, шығатын маршруттарды белгілеп, оларды өткізу, әкімшіліктермен байланысып тиісті көмек сұрау және т.б.) Жасыратыны жоқ, осындай қарбаласта әртүрлі тәртіп бұзушылықтың, мысалы сұранбай туыстарына кетіп қалу және т.б. кейде орын алыт қалады. Әдетте, біз оларға ескерту жасағаннан басқа ешнәрсе істей алмайтынбыз. Енді, баллдық жүйе бойынша, осындай жағдайлардың алдын алуға болады деп ойлаймын, ол үшін практика алдында болатын конференцияларда, осындай тәртіп бұзушылыққа 20 б. дейін айып балл енгізілетінін айтқанның өзі, оларға ой салуы керек және әрбір қосылатын баллды нақтылы еңбегімен алуды міндеттеу керек. Осындай жағдайда ғана практикада жүрген студенттердің жауапкершілік жүгінің, арта түсетініне кәміл сенемін.

Алыс маршруттық практикадан келген студенттерде, әдетте бір үлкен іс бітіріп, босаңсыған адамдардың кейбі болатыны байқалады. Бір шетінен оларды түсінуге болады, себебі олардың Алматыда қалған құрбылары олар көрген «қиындықты» көрген жоқ қой. Осындай салғырттану, практиканың екінші бөлігін (Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша) өткізу кезіндегі кейбір студенттердің «белсеуділігінен» анық байқалады. Міне, осындай келеңсіздікті жоюдың жақсы жолы - осы балл жүйесі болмақ. Баллдық жүйені енгізу арқылы қатаң және әділ ұстаным орнатуға болады. Алыс маршруттық практикадан жақсы баға алған студент (күнделігі жақсы жазылған, рефераты орындалған және тәртіп бұзбаған студент) осы кезең аралығында $50+10+15 = 75$ б. жеңіп алады. Алайда, бұл студент мұнан ары босаңсып кеткен жағдайда, осы 75 баллдан артық жинай алмайтыны түсінікті, бірақ жақсы студент (ең үздік күнделігі және мазмұнды рефераты бар) ондай қылыққа бара қоймас, алайда практикаға себепсіз келмеген жағдайда, ол студенттің «қаламның ұшымен» тірнектеп жинаған баллдары кемітілетін болады.

Өкінішке орай, студенттердің үлкен бөлігі Алыс маршруттарға шыға алмайды, оның басты себебі - бір ғана маршруттың болуы, оңтүстік өңірге баратын студенттердің ең тиімді мөлшері 40 ары кетсе 50 студент, себебі бұл шамадан артып кеткен жағдайда, оларды орналастыру, тамақтандыру, нысандарды арал ату, ішкі тәртібін қадағалау мәселелерін өз мәнінде шешу, тіпті мүмкін болмай қалады. Сондықтан келесі оқу жылында, 2008 жылы біздің студенттер көру бақытына ие болған Алматы-Талдықорған-Өскемен («кенді Алтай» радиалды маршруттары қамтыған) маршрутын қайта жаңғырту және дәстүрлі саналатын оңтүстіктік маршрутты қалдырып, 100-ге тарта студенттерді практикаға шығаруды жүзеге асыру қажет деп санаймын. Осындай жағдайда ғана, студенттеріміз түгелге жуық осы бір, «География» мамандығы үшін аса маңызды болып табылатын Зонааралық кешенді практикаға бару мүмкіндігіне ие болып, білім нәрімен сусындап, айтады және баллдық жүйемен бірдей бағаланатын мәртебеге ие болады. Ал Алматы облысы және Алматы қаласында қалатын студенттер үшін баллдық жүйенің қатандау формасын ойластыру дұрыс болар.

1. Байшалов Н.Б., Ержігітова Д.С., Нұрмағамбетова Г.М және т.б. Географиялық практикалар өткізуге арналған Нұсқаулық. - Алматы, 2007.

2. 2009-2010 оқу жылындағы 4 курс «География» мамандығының студенттерімен өткізілген Зонааралық кешенді практиканы өткізудің жалпы Есебі.

3. 050116 «География» мамандығының бітіруші 4 курс студенттерімен өткізілетін Зонааралық кешенді практиканы бағалауға арналған көрсеткіштер.

Резюме

В статье рассматривается цель и задачи, а также актуальность проведения Межзональной комплексной практики для выпускающих групп студентов специальности «География». Содержательным стержнем статьи является внесение автором статьи и основных критериев комплексной оценки балльной системы кредитного обучения.

Summary

This article is devoted to the aim and tasks, and also to the actual conducting of Between zone complex practice for graduate groups on speciality «Geography». The basic component of the article is including the criteria of complex score marking system on credit system of education.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР

Г.Ө. Байташева - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Экологиялық білім беру мен тәрбие берудің негізгі мақсаты-табиғатқа, деген жауапкершілік пен адамгершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру мен тәрбие дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық тәрбиелік мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру және даму процестерін түсінеміз.

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттерде экологиялық білім беру табиғатты қорғаудың жалпы стратегиясын жасап белгілеуі осыған байланысты іс-шараны уйлестіріп отыруы БҰҰ білім беруі, ғылым мен мәдениет «ЮНЕСКО» жөніндегі мәселелер деңгейінде жүзеге асырылып келеді. Жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экологиялық білім мен тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылдануда. Жоғарғы Оқу орындарында мамандандыратын барлық мамандық иегерлерінің 2 курсына міндетті түрде «Экология» пәні енгізілген. Экологиялық білім беру адамзат қауымының қоғамның, әр бір маманның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігіне, табиғатты тиімді пайдалануға септігін тигізе алуы қажет. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол ізгілікті экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жақта ұрпақты тәрбиелеу бастапқы орында тұрады. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюын мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау тәсілдері тек экологиялық жаппай және үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана іске асырылады. Осы орайда елімізде жасөспірімдерге үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастырудың бүгін күн тәртібіне қойылуы кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Экологиялық білім беру - өте күрделі процесс қоршаған табиғи ортаның өзі мен қоғам үшін мәңгі қажеттілігін сезіндіре отырып, оқушының дүниеге деген ізгі көзқарасын бірте-бірте қалыптастыру көзделеді.

Тұрақты даму стратегиясы жалпы және экологиялық білім беруді қауымдастығына келіп тіреледі. Экология ғылымын қай жағынан алып қарасақ та оның биология ғылымы мен табиғаттану ғылымының бөлігі екенін зиялы қауымның барлығына айдан анық. Экологияның қалыптасуы биология ғылымы негізінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы болып саналады. Бірақ экология ғылымы биология ғылымының мәселесін шеше алмайтын кез-келген ғалымға түсінікті. Қазіргі заманғы экология бүкіл әлемдік ғылымдар мен әлеуметтік, экономикалық жағдайлар және проблемаларды қамтитын деңгейге жетіп отыр. Осыған орай, экология ғылымының қолданбалы және адам экологиясы бағыттары дами түсуде. Экологияның жаңа салалары бойынша теориялық және практикалық зерттеулер жүргізілуде.

Соңғы жылдарда экология ғылымының негізгі саласының бірі - экологиялық педагогика көпшілікке экологиялық білім беру дамып келеді. Бұл бүгінгі өмір талабы. Биосферадағы тіршілік тұрақтылығын сақтау адамның тікелей ақыл ойына байланысты. 1971 ж. Швейцарияда Европалық конференция шақырылып, айнала қоршаған табиғи орта, табиғат қорғау мәселелері көтерілді. 1972 ж. Стокгольмде "қоршаған ортаны қорғау" туралы білім беру, 1977 жылы Тбилисиде БҰҰ жанынан ЮНЕСКО және ЮНЕП ұйымдары "Экологиялық білім беру" туралы 40 астам шешімдер қабылданып, оның ғаламдық, стратегиялық жоспарлары жасалды /1/.

Сонымен, қазіргі таңда экология ғылымы өз алдына нағыз өзекті мәселелерді шешер тармақталған ғылымдардың бірі. Экология ғылымына анықтама беретін болсақ - ол, адам баласы өз 'ажетіктерін қанағаттандыру үшін табиғи қорларды ұқыпты әрі тиімді пайдаланып, бүгінгі ұрпақтың 'ажеттілігін шектеместен оны мол қазыналы қалпында келешек ұрпақтың игілігі үшін сақтап қалу қолдарын үйрететін ғылым болып табылады.

Қазіргі таңда экологиялық білім мен тәрбие берудің негізгі мәселелерін қарастыратын экологияны жеке пән ретінде мектептердің оқу жоспарына енгізіп және оның жалпы білімдер берудегі алатын орындары мен қисынды құрылымдық құрамдарын анықтау, экологиялық білім беруде :петелдегі әріптестердің озық тәжірибелеріне ұқыптылықпен қарау күттірмейтін мәселе болып отыр. Бірақ біздің жағдайымызда экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелері көбіне сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру негізінде жүргізіледі.


Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж
Сыныптан және мектептен тыс жағдайда оқушыларға экологиялық тәрбие беру - Экологиялық білім берудің және тәрбиелеудің мазмұны білім беру жүйесін және табиғат байлығын оңтайлы және орынды қолдана білу жолдары мен әдістері туралы түсініктерін дамытатын оқушылар қызметінің түрлерін қарастыра отырып, қоршаған ортаны сақтау бойынша нақта дағдыларын қарастырады.

Қазіргі кезеңдегі қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің шиеленісуі оқушыларға экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын, принциптерін, формалары мен әдістерін таңдау критерийлеріне ерекше әсер етеді. Осыған байланысты сыныптан тыс жұмыс үрдісінде оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру арқылы оқушылардың экологиялық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруды зерттеу өзекті болып отыр.

Экологиялық тәрбие беру бағытында сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың маңызы зор.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу мемлекетіміздің экологиялық саясатына сәйкес әрі оқу жүйелерінің жоспарына сай өткізу мерзімін белгілеп жоспарлауы тиіс. Оның үстіне оқушылардың жас ерекшеліктері сынып деңгейлері қатаң түрде ескеріліп отыруы тиіс. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде ұстаз шеберлілігі мен біліктілігі оқушылардың қызығушылығын артыру үшін аса маңызды. Біз тәжірибе барысында пайдаланған сыныптан тыс жұмыстардың жан жақты, жеке өтілетін түрлерін пайдаландық (кесте - 1).

Кесте - 1 Сыныптан тыс жұмыс түрлері



Сыныптан тыс жұмыстар жеке болсын, үйірмелік болсын, мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың басшылығымен өткені жөн.

Үйірме мүшелерінің ұжымдық жұмыстары өздерінің мазмұны бойынша біртекті немесе дифференциалды (әр текті) болып келеді. Бірінші жағдайда үйірменің барлық мүшелері әр алуан материалды қолдана отырып, біғ ғана жоспар бойынша бір ғана жұмысты орындайды. Екінші жағдайда оқушылар жекеленген топтар мен звеноларға бөлінеді, бір ортақ жұмысты жүзеге асырады /2/. Бұл жұмыстардың барлығы оқытушының бағыттауымен, оқушылардың таңдауы бойынша алынған тақырып аясында жүргізіледі.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж

Оқушылардың мұндай сабақтарын ұйымдастыру кезіндегі негізгі талап - мақсат бірлігі ортақтығы және жұмыс жоспарының бірыңғайлығы. Ортақ тақырып бойынша жекеше жұмысты орындай отырып, әрбір оқушы өз көршісінің (серігінің) жұмыс мазмұны мен міндетін жақсы білуі керек және олардың арасында қандай байланыс бар екендігін түсінуі тиіс. Жеке оқушыны жан-жақты дамыту және тербиелеу ісінде сабақтан тыс және сабақта әр тақырыпты табиғатпен байланыстыра отырып жүргізу биология пәнінде қолайлы. жұмыстарды дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор, тек осы жағдайда нәтижеге жетуге болады. Сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар мазмұндары бірін-бірі толықтырып, дамытып отыруы қажет. Белгіленген жоспар бойынша жүргізілетін сабақтар ер уақытта оқушыларды қызықтыратын, ойландыратын, экологиялық проблемаларды жан-жақты ашып Көрсете алмайды. Сондықтан сабақта Птілген материалдарды тереңдетіп оқып- %ойрену %ошін сыныптан тыс жұмыстарды Іткізудің, маңызы зор. Жас эколог тандау курсы негізінде әр түрлі сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. 1-9 ақпан аралығында «Бүгінгі білім ертеңгі болашағың» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Бұл үйірме жұмысы тандау курсына қарастырылған «Өсімдіктер, жануарлардың табиғи ортаға тигізетін әсері, қызыл кітапқа енген сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар» атты лекция және практика сабағының қорытындысы іспеттес жұмыс ретінде өткізілді.

Көрме жұмысының негізгі шарттары:

1 -кезең. Жоба мақсаты мен негізгі міндеттерін алдын ала белгілеп қояды. Мақсатқа жету міндеттерін шешу талап етіледі.

2 - кезең. Оқушылардың өзбетіндік жұмысы нәтижесінде жоба міндеттері біртіндеп орындалады. Оқушылар бақылау күнделігі мен жұмыс дәптерін арнайды. Мұнда оқушылардың жұмысы толығымен көрінеді.

3- кезең. Алынған нәтижелер негізінде есеп беруге, алынған нәтижелерді талдауға және қорытындылар жасауға үйренулері қажет.

4- кезең. Жобаны қорғау. оқушылар жасалынған жұмыстар жөнінде, алынған нәтижелерді түсіндіруге, шығарышқан қорытындысының себебін көрсетіп, дәлелдей білуге үйренуі тиіс.

Қажет болған жағдайда көрсетілген негізгі кезеңдердің ауқымын үлкейтіп, қосымша кезеңдер қосуға болады. Сол себептен кезеңдердің жалпы саны әр жобада әр түрлі болып, өзгеріп отыруы мүмкін. Жобаны орындау кезінде оқушылар топқа немесе кіші топтарға 2-3 оқушыдан бөлінген топтар ең жақсы нәтижелерге, жетістіктерге жетеді. Оқушылар өздерінің қалаулары бойынша топқа бөлінеді. Бірақ топтағы оқушылардың білімдерінің деңгейі мен қабілеттері әр түрлі болуларын мұғалім ескерген жөн. Кейде жобаны жеке бір оқушы орындауына рұқсат етіледі. Алайда жобаның бұл нұсқасында оның сыныптағыларға әрдайым ақпарат беруін, пікірталас, дөңгелек үстел ұйымдастырып отыруына ұстаз басты назар аударады.

Жұмыс барысында туындаған сұрақтар бойынша оқытушы консультация береді. Оқытушы оқушылардың бақылау күнделігі мен жұмыс дәптерінің толтырылуын қадағалап, тексереді: жұмыс жоспарын жасауға көмектеседі, бақылауға ұтымды жағдайлар мен тиімді тұстарын көрсетеді, кесте сызуға, оған нәтижелерін көрсетуге, есептеуге үйретеді. Жобаның соңғы кезінде жобаға есеп беруде оқытушы оқушыларға бағыт - бағдар беріп отырады.

Бұл жұмыс түрі пәнаралық байланысты жүзеге асырады, алған білімін жинақтауға жалпылауға, талдауға үйренеді, танымдық ой-өрісі артады.

Оқушылардың жобаны орындау кезінде мынадай танымдық біліктері қалыптасады: - ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей отырып, өз бетімен білім алу;

- теледидардағы бағдарламалардан өзіне қықетті ақпараттар алады;
- бақылау жүргізуге және соның негізінде қорытынды шығару;
- өз бетімен эксперимент жасау және соның негізінде жаңа білім игеру;
- өз білімі арқылы құбылыстың және бақыланған деректердің себебін түсіндіру, дәлелдеу;
- сонымен бірге танымдық біліктерге қоса, практикалық біліктерді игереді;
- ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысады;
- техниканы пайдаланады;
- өлшегіш құралдарды пайдалана білу және түрлі өлшеу жұмыстарын жүргізу;
- кесте құрастыру, талдау;
- сандық, графикалық, логикалық, эксперименттік есептеулерді шығару.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж

Жобаны ұйымдастыру кезінде оқушы "ғылыми ізденушіге" айналады, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығы артады. Оқушы алғаш рет зерттеу, бақылау жұмыстарына, экспериментке жүгініп жиналған нәтижелерге бірінші рет қорытынды жасауға ұмтылыс жасайды. Ғылыми терминдер қолданып, ғылыми бақылау негізінде ой тұжырым жасауға үйренеді. Сондай-ақ пән бойыша алған білімін тереңдетіп, оны бекітеді, білімін практикалық дағды, біліктерімен байланыстырады.

Бұл жұмыс түрі бүгінгі оқушыны жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына үйретеді, мамандық таңдауға септігін тигізеді.

Көрме жұмысының жобасы жоғарыда көрсетілген 4 кезеңнің негізінде төмендегідей қорытындыланды.

1. Сіз ұнататын жануар немесе өсімдік - Сипаттамасы;
2. Табиғаттағы маңызы;
3. Мүсіні немесе суретін салу;
4. қорғау іс-шаралары.

Мектеп оқушылары көрмеге аса құштарлықпен қатысып, теориялық білімдерін қолмен жасаған еңбектері негізінде түсіндіріп, ортаға салып, пікір алысты. Бұл тірі организмдердің табиғатағы маңызы мен өзіндік ерекше орны туралы білімдерін ортаға салды.

Сурет-3 Көрме жұмыстарынан көріністер



Мұндай табиғат аясында ізденістер жүргізіп, теориялық білімін жетілдіре отырып жүргізілген сыныптан тыс жұмыстар бүгінгі ұрпақтың экологиялық біліктілігін арттыруға бірден бір себепші болып отыр. .

Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі олардың әр қайсысының өздік жобаларын қорғау барысында ашық көрініп тұрды. Жаңа технологияларды енгізе отырып сыныптан тыс жұмыстар жүргізу мектеп оқушыларының белсенділігі мен біліктілігін арттырады. Сондықтан сыныптан тыс уақытта балалармен жұмысты күшейту қажет. Әр бір ұстаз ізденушілігін арттырып балаларды қызықтыратындай жаңа технологияларды пайдаланып сыныптан тыс жұмыстар жүргізуі кезек күттірмейтін мәселе.

1 Бейсенова Ә., Самақова А., Осполов Т., Шілдебаев Ж. *Экология және табиғатты тиімді пайдалану.* - Алматы, 2004.

2 Назарова Н.С. *Охрана окружающей среды и экологическое воспитание студентов.* - М Высшая школа, 1992.

3 Мырзабаев А.А. *Биологияны оқыту әдістемесі.* - Қарағанды, 2006.

4 Сәттімбеков Р.С., Әлімқұлова Р. *Биология. Оқыту әдістемесі.* - Алматы., 2005

Резюме

В статье рассматриваются методика организации экологического образования старшеклассников посредством внеклассных работ. Проверка эффективности предлагаемой методики применения инновационных технологий в экологическом образовании школьников.

Summary

In the article organization the methodics of the ecological education organization by means of innovative technologies of education. The model was determined working out of non-stop ecological education of pupils on the bases of innovative technologies

ТУРИЗМНІҢ РЕСУРСТЫҢ ФАКТОРЛАРЫ

О.Б. Мазбаев - *з.ғ.д., ҚазҰПУ профессоры*

Мақалады туризмнің ресурстық факторларына талдау беріледі. Туристік ресурстық мүмкіндіктер зерттеліп географиялық зерттеу әдістеріне тоқталады.

Тақырыптың көкейтестілігі: «Туристік қызмет» туралы заңда жазылғандай- Туристік қызмет нысандары,ресурстары саяхат кезіндегі немесе туристік іс-әрекет барысында туристердің қажетін қанағаттандыра алатын сан-спалалы нысандар жиынтығын айтамыз. Өкінішке орай Туристік іс әрекеті заңының баспа беттерінде және ресми басылымдарда қате «Туристік қызмет» деп аталып,Жазылып жүруі еліміздегі туризм саласының мамандарының қажетті деңгейге жетпегендігінің белгісі. Туристік іс әрекетке орай туристік қызмет түрлері шығады. Бұл мәселе өз алдына жеке қарастырылуға тиісті [1].

Туризмдегі туристік ресурстар тобы деп - географиялық ортадағы ресурстардың жиыштығын айтамыз. Оларға Литосфера,Гидросфера, Атмосфера және Биосфера қабатындағы кездесетін табиғат ресурстар кіреді. Ландшафт адамдардың туризмге деген сұранысының негізгі көрсеткіші.таулы рельеф оның құрамдас бөліктері қазақстан жерінде Алтай,Сауыр-Тарбағатай,Жетісу Алатауы (Жонгар Алатауы) Солтүстік,Батыс ТяньШаньтау сілемдері,қаратау ,Мұталжар,Сарарқа өңірінің таулары құрайды.Өзендер мен көлдері өзіндік сипатқа ие.Балқаш,Алакөл, Каспий теңізі болашақ сауықтыру демалыс,емделу зонасына айналуы тиісті.Бұлардан өзге Сарыарқа өңіріндегі көлдер,таудағы көлдер туристік нысан ішінде өзіндік орнын әлі таппай отыр.Қазақстан жері табиғат ландшафтысының барлық түрлерін қамти отырып шөл,шөлейт зонасыннан бастап таулардағы мәңгі мұз ,мұздықтар әлемімен туристерді таныстыруына мүмкіндігі бар бірде бір ел. Туризмдегі ландшафт тобын құрайтын туристік ресурстар туризмнің танымдық, Экологиялық, аңшылық, балық, аулау, емдік, шытырман оқиғалы, спорттық туризмді дамытудың алғышартын жасайды. Сондықтанда ресурстық факторлар аз зерттелген мәселе.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі экологиялық және танымдық туризмдегі негізгі көрсеткіш.туристік сұраныс ішінде адамдардың қызығушылығына қарай туристік өнім ретінде пайдаланылмт жүр. Шетелдіктерді қызықтыратын

Туризмнің дамуына климаттық жағдай тікелей ықпалыш тигізеді. Климаттық жағдайдың туризмнің маусымдық дамуындағы алатын орны ерекше. Климаттық ресурстар:су,теңіз суы, минеральды емдік бұлақ суы, таулы, жазық жер ауасы. Осы ресурстарды аурудың алдын алу, емдік мақсатта,демалысқа, сауықтыру мақсатында игеру экскурсиялық мақсатқа пайдалану оның туристік мәнін көрсетеді.

Кеңестік дәуір тұсында түркі тілдес халықтар мекендейтін территорияларда туризмді дамыту ісі әртүрлі идеологиялық себептермен өз деңгейінде жүргізілмеді. Бүгінгі әлемдік экономикалық интеграцияға ену, туризмнің маңыздылығы жайындағы пікірлер мен түсініктер, оның ұлттық стратегиялық дамудағы алатын орнын, даму мақсатын, функциясын, перспективасын айқындайтын базисі болып отыр.Өкінішке орай бұл бағыттағы зерттеулер аз.

Туризмнің функциональдық маңыздылығы жайлы көптеген анықтамалары бар, ол бір жағынан заңды да. Өйткені қоғамдағы туризмді дамытуға қатысты концепция осы саладағы шешімін таппаған мәселелерді жан-жақты, яғни экономикамен, экология және әлеуметтік-мәдени өмірмен тығыз байланыста қарастырады. Осыдан келіп туризм жайында әртүрлі түсініктер қалыптасқан.[2].

Туризм жүйе ретінде адамдар өмірінің мәні секілді, жоғарғы дәрежедегі күрделі, көпқырлы, тарихи дамып, әртүрлі өзгерістерге ұшырап отыратын құбылыс. Сондықтан да "туризм" ұғымына түсінік бергенде туристік қызметтің табиғаты мен мәні жайлы әртүрлі пікірлерді, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын кереғар пікірлерді де кездестіруге болады.

ДТҰ-ның жоғарыда аталған декларациясында туризмді: мемлекеттің әлеуметтік, мәдени ағарту және экономикалық өмірі мен халықаралық қалыптастыруды реттеуге ықпалы зор адамдар өміріндегі іс-әрекет, қызмет ретінде: әлеуметтік-экономикалық өмірдің құрамдас бөлігіндей құбылыс ретінде: адамдардың демалуға деген қуқығы мен демалыстың және саяхаттың еркіндікті іске асырушы адам қызметінің түрі ретінде, адамдардың жеке тұлғалық дамуының сапалық элементі ретінде қарастырылады.

Еліміздегі туризм индустриясын дамыту оның геосаяси, географиялық және тарихи-мәдени кеңістігіндегі инфрақұрылымын жасау жайындағы бағдарлама, ұлттық территориямызды Трансазиядағы туристік байланыстың маңызды бөлігіне айналдыруға негізделген. Туризм жүйесі белгілі-бір қоғамдық мақсат жетістіктеріне бағынышты ең күрделі мақсаттылық жүйелеріне жатады."Туризм" жүйесіне де басқа жүйелер сияқты ақпараттың берілуі мен басқару процесі тән. Жүйелілік туризм мен оның инфрақұрылымын дамыту мәселелері оның компоненттерінің өзара әрекетті жүйесінің бірыңғайлығы ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан бұл жүйенің қоғамдық функциясы мен басқару құрылымын, даму

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж перспективасын айқындау үшін алдымен оның мақсаты мен шағын жүйелерінің мақсатын айқындап алу кажет.

"Туризм" жүйесінің жұмыс істеуінен "қоғам" дәрежесіндегі туризмге қатысты саясатты үйлестіруде туризмнің басымдылығын заң жүзінде айқындайтын мемлекеттік саясат басты роль атқарады.

Туризм жүйесін дамытудағы Мақсат: туристерді табиғи-география-лық және тарихи-мәдени құндылықтармен, көркем шығармашылықтың және өндірістік мақсаттағы бірегей орындарды көрсетіп таныстыру: туристік саяхаттар мен сапаларды ұйымдастыру, еліміздің азаматтарын басқа елдердің табиғи және мәдени мураларымен таныстыру; қазақстан Республикасының халықаралық гуманитарлық байланыстарын нығайту және кеңейту: туристік қызметті экономикалық жоғарғы табысты салаға айналдыру деп тужырымдалынған.

Осылайша танымдық, ұйымдастырушылық; саяси және экономикалық тұрғыдан белгілеу, жалпы мақсатты көпсатылы жүйелілік негізде кішігірім мақсаттарға "туризм" жүйесін дамытуда жоспарлы әдісін қалыптастыру көзделген. .

Туризм жүйесінің көп қырлы функцияларының біріне рекреациялық ресурстары жатады, Рекреациялық ресурс деп-рекреациялық сұранымды қанағаттандыруға кәзіргі технологиялық компоненті болып есептелетін, рекреациялық салаға тартылған объектілерді(табиғи, табиғи-этникалық геожүйе мен оның элементтерін). Адамдардың дене және рухани күштерін, оның денсаулығы, еңбек ету қабілетін қалпына келтіріп, арттыруға және де курорт пен туристік қызметтегі тұтыну мен өндіруге, сондай-ақ туризмнің әртүрлі түрлерінің сұранымдарын қанағаттандыруға қатысты қолданылатын табиғи және мәдени-тарихи кешендер мен оның элементтерін айтамыз. Туризмде қолданылатын мақсатты туристік-рекреациялық ресурстар қатар ына:

-емдік демалыс ресурстары: минералды су, климаттық жағдайларды (орман, дала, теңіз):

- сауықтыру туризмнің ресурстары: ландшафты климаттық жағдайлар қолайлы жыл мезгілінің ұзақтығы, өзен жүйесі, теңіз жағасы, суға түсу маусымын:

- спорттық туризм ресурстары: табиғи органның әсемдері (жабдықталған, әдемілік, өзгелерге ерекше болып көрінетін ерекшеліктер), оның өзіне тән ерекшеліктерін өзгеге қиын, кедергілер, халықтың сирек орналасуы, т.с.с)

- экскурсиялық туризм ресурстары: тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер, табиғаттың көрікті орындары" этнографиялық және шаруашылықтық объектілер, мұражай және тағы басқаларын жатқызуға болады.

"Рекреациялық ресурстар" бұл тек қана ТМД елдерінде тараған түсінік. Оның маңызы мен жіктемесі жайлы біздің елімізде де шет елдерде де бірыңғай анықтамасы жоқ. ДТҰБас Ассамблеясының ІҮ сессиясында мақұлданған туризм Хартиясында "табиғи", "жасанды", "мәдени" сондай-ақ "туристік", "табиғаттық" ресурстар деген ұғымдар қолданылған.

Рекреациялық ресурстар жөнінде әртүрлі терминологиялық айырмашылықтар болғанмен олардың барлығы да оған белгілі бір объектілер мен құбылыстарды: табиғи ландшафтың компоненттерін, тарихи-мәдени қандылықтар мен кешендерін, халықтың қолданбалы және көркем шығармашылығының этномәдени құндылықтарын, инфрақұрылымын, еңбек ресурстарын және басқаларды қарастырады.

"Рекреациялық ресурстар" мен "туристік ресурстар" ұғымдары өздерінің мәндерін жағынан өте жақын ұғым, олар адамдардың демалуы, мен рекреацияға, танымдық және коммуникативтік танымдарын қанағаттандыруға қатысты қарастырылады.

Осы объекті мен құбылыстар жиыстығын шатастырмау үшін "туристік рекреациялық ресурстар" деп қарастыру дұрыс болып отыр.

Туристік Нарық қызметінің саласын тандауда немесе оның ары қарай жіктеуіне базистік факторға туристер жағынан толестатпайтындай табиғи географиялық ресурстардың болуы жатады. Табиғи жаратылыстық ресурстарға технологиялық құрамдық, жайлылық, сыйымдылық, тұрақтылық, кешендік және т.б. жатады.

Табиғи кешендерді туристік қызмет өндірісіне қолдануда табиғат ресурстары шешуші фактор болып қалады.

Табиғи климаттық жағдайдың сипаттамасы туристік кешен, жол бағыттарды айқындайтын фактор болып есептеледі. Себебі туристердің демалу мен саяхатқа шығу маршруттарын тандауда табиғи ресурстар шешуші роль атқарады.

Туристік шаруашылықты ұйымдастыруда қайсы бір территорияның жерінің маңызы ерекше.

Туристер көбінесе ландшафттар мен ауа-рай, өсімдіктер әлемінің сан қилығы, аң мен балық аулау мүмкіндіктері, сондай ақ демалумен спорттың тиімді түрлерімен айналысуды қалайды.

Сонымен бірге таулы аймақтардағы көрікті орындар әсемдігі, туристерді тартатын, өзіндік ерекшеліктері, ауасының тазалығы, альпинизм, тау шаңғысы мен аң аулау және т.б. істермен шұғылдануға ыңғайлы маршруттар ашуға сұраныстар туғызғанымен, туристік объектілер мен коммуникация құрылыстарын жүргізу көптеген техникалық-экономикалық қиындықтарға кезігеді, алайда осындай

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж қыйындықтарға карамастан жұмсалған шығын тез арада-ақ өзінің орның толтыратыны белгілі. Еліміздің табиғи-рекреациялық ресурстары өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Солтүстіктен Оңтүстікке қарай табиғат зоналары: орманды дала, шөлейт және шөл орналасқан. Республикамыздың оңтүстік-шығысында Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы, Саура., Тарбағатай және Алтай тау ирімдері жатыр. Күнгей Алатау, Теріскей Алатау, Жетісу Алатауының жоталары мен Хан Тәңірі массивінде тау туризмін, тау шаңғысы спортын және халықаралық альпинизмді дамытуға қолайлы орындар көптеп саналады.

Табиғат зонасының осындай таулы аймақтарында таулы жермен жаяу журу, спорттық және спорттық сауықтыру мақсаттағы әртүрлі базалар салуға болады. Орта-таулы аймақтардың, табиғаты мен ауа-райы жағдайы бұл жерлерде туризм мен демалудың, спорттың қысқы түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Елімізде тропиктік және экваторлық климаттық белдеуден басқа белдеулердің барлығы бар.

Климаттық факторлар мен минералды су көздерін, емдік батпақ орындарын қамтитын емдік-ресурстық фонд, емдік-сауықтыру туризмі мен рекреациялық шаруашылықты дамытуға жол ашады.

Сауықтыру туризмнің ресурстары қолайлы ландшафтық-климаттың жағдайлармен, жайлы кезеңнің ұзақлығымен, жетілген көз-өзен жүйесінің болуымен, жылы теңіз жағалауымен, туристік-рекреациялық қызметтің түрлері: қыдыру, суға түсу-жағажай, су спортын дамытуға арналған орындардың болуымен анықталады.

Қолайлы кезеңнің, ыстық(комфорт), салқын (субкомфорт) және суық (диском форт) күндердің санымен есептеледі.

Арал теңізінің, оңтүстік жағалауында, Балхаш көлінің маңында және еліміздің оңтүстік-шығысында қолайлы кезеңнің ұзақтығы 120 күнге ұласады. Алматының сондай-ақ Аралды солтүстігіндегі дисккомфорт күндердің, ұзақтығы 30 күнге созылса, Оңтүстік Қазақстанда 70, ал Балхаш көлінің, маңайында қолайлы кезең 40 күнге созылады.

Суға түсу-жағажайлық, су-спорты мен қыдырыстың туризм түрлерін дамытуға өзен-көлдердің тығыз байланысуының ықпалы зор. Біздегі құрғақ, климаттың ауа-райында өзен, көлдік жүйелер нашар дамыған. Солтүстік аудандарындағы жазықта өзендер 100 км 2-3.5 км :ұзындықта таулы жерлерде 20-40 шаршы км дейін көбейеді. Жазық жерлердегі тартылыл кететін сулардың катамаран- салда серуендеуді ұйымдастыруға өте ыңғайлы болып келеді.

Тау өзендері су ағысының, жылдам болуы және температурасының төмендегіден спорттық туризмге гана жайлы болып отыр. Ішкі тау өзендері Шарын, Шелік, Ақсу, қараталда, және Ертіс, Іле Сырдарияда аса көп ағынды қажет етпейтін су туризмінің дамытуға мүмкіндіктер бар.

Республикамыздың көлемінде ірі-ірі тең,із, көлдерді Каспий, Арал теңіздері мен Балхашты қоспағанда ірілі-мыңғы 48 мың көлдер бар. Оның жалпы көлемі 20 мың шаршы метрден көп. Алакөл,Зайсан, Балхаш өзендері мен Қапшағай, Бұқтырма, Шардар су қоймаларында туризмнің спорттық және суға тусу жағажайлық түрлерін дамытуға қажетті бірден-бір қолайлы жағдай бар.

Минералды сулар гидрогеологиялық ресурстардың ішіндегі емдік қасиеті жөнінен жоғары бағаланады. Бүгінгі күндері елімізде минералды судың 500-дей көздері табылып, 120 емдік бетпақтар табылған.

Ерекше қозғатын территорияға жататын Солтүстік Қазақстан мен Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның таулы аймақтарында орналасқан ерекше аймақтар қатарын құрайды.

Қазақ халқының құс салып, құмай тазымен ан, аулау түрлерін, жалпы арнайы-ғылыми, оқу-танымдық, оқу-ағартушылық, лицензияланған спорттық-аңшылық турлерді дамытуда, еліміздегі табиғат саябақтары, қорықтардың табиғат ескерткіштерінің сондай-ақ мемлекеттік және кез-келген аң аулау шаруашышыларының шектеулі болса да өте сирек кездесетін өзіндік ерекшелігі бар мүмкіндіктерге ие. [3].

Орманды дала және таулы аймақтар жануарлар әлеміне өте бай. Қазақстандық жануарлар әлеміне сутқоректілердің 150 түрі, құстардың 485 түрі, балықтардың 150-дей түрлері кездеседі. Мұның барлығы белгілі-бір дәрежеде аңшылық, ақбөкендердің, сирек кездесетін құстардың мекендейтін жерлеріне зоологиялық, орнитологиялық турлар ұйымдастыруға жол ашады.

Туристік қызметке құнды табиғи-рекреациялық ресурстарды тартуда кәсіпкерлерден қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдалануға қатысты біліктілікті талап етеді.

Табиғи-рекреациялық ресурстардың қолдану сипатына орай, оның мақсаты мен қорғау тәртібіне сай, Ерекше қорғалатын табиғат аймақтарына қатысты Занда көрсетілген туризм мен туристік қызметті ұйымдастыруға қатысты шектеулі шаруашылықтың жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді немесе тыйым салып отырады.

Атрактивтік (француз тілінен атгасііо -табиғи) ресурстарды өзіне тарту шақыру мінездемелері экзотикалық пейзаждық әркелкілігі арқылы беріледі. Табиғи ландшафтарды эстетикалық бағалау табиғатты мезгілдік динамикасымен есептеледі, рельефтің сипаттамасы болып табылады.

Табиғи ресурстардың беріктігі- белгіленген туристік зоналар және экологиялық жекелеген рекреациялық эксплуатациялық жүктемесінің ұстамдылын айтамыз. Кешендік туризм және демалыстық

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж ресурстардағы әртүрлі болжамдағы ресурстарды пайдалануды көрсетеді. Табиғи объектілер және комплекстер туристік рекреациялық ресурстар емес екендігін айтуымыз керек. Туристік шаруашылықта олар еңбекгік пән болып ол белгіленген туристік қызметгер туристік өндірістің өнімі ретінде шығады. Табиғи объектілер және комплекстер туристік рекреациялық іскерліктің қажеттігі шарт ретінде саналады.

Табиғи ресурстар алдыңға айтылғандай туристік қызмет ету өндірістік мақсаттан қолданудағы жетекші факторлардың бірі болып табылады.

Туристік шаруашылықты дамытудағы маңызды мәселе берілген территорияның барша да территориялардың жоғарғы мінездемесі өте маңызды туристер ландшафтың негізгілерін және климаттық шартты өсімдіктер әлемінің әртүрлілігін аң аулау және балық аулау мүмкіндіктерін және сонымен бірге әртүрлі активті спорттық және демалыстың түрлерін ескереді. Сонымен бірге туристер жергілікті таулы рельефтердің әсемдігін ландшафтардың әрдайым ауысып тұруы демалушылармен туристерді сұнғатты пейзаждармен өзіне тартатып сауықтыру таулы ауасы және альпшизм, тау шаңғы спортымен айналысу үшін туристік маршруттар жасауға мүмкіндік береді.

1. *Туристік қызмет туралы заң .2001 13 маусым*

2. *Мазбаев О.Б. Туристік рекреациялық ресурстар «Қазақ энциклопедиясы». - Алматы: 8том, 2006. 514 б.*

3. *Мазбаев О.Б. Туристік рекреациялық ӘС әрекеттердің теориялық әдіснамалық аспектілері.// География және табиғат. -2010. -№2. (44)*

Резюме

Ресурсный фактор в туризме

В статье анализируется ресурсный фактор развития туризма. Изучена туристско рекреационный потенциал и географический методы исследования.

Summary

Tourism is an important for resolution

Stable development of tourism is an important for resolution of some issues for the development of tourism. In the is article, the theoretical and methodological issues of tourism are reviewed. Touristic-recreational potential calls for scientific study by lising geographical methods of research.

ӘОК 371.382(512.122):796.5

ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖОРЫҚТАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қ.М. Омаров - *аға оқытушы, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі нарық кезеңінің сұранысына қажетті туризм саласына мамандарды дайындау Абай атындағы ҚазҰПУ-нің география-экология факультетінің, туризм кафедрасы «туризм», «география туризм» мамандықтарына білім беру үрдісін үзбей жалғастыруда. Бұл аталған мамандықтарға жүргізілетін пәндердің теориялық білім жүйелігімен қатар, оның практикалық іс-әрекетін туристік-өлкетану жорықтары арқылы студенттерге танымдылық білімін қалыптастыру жағдайы өз нәтижесін беруде.

Осыған орай, кез келген туристік іс-әрекет кең мағынада туристік қызметті тұтынушы және олардың жанұясы мүшелеріне туристік жорық және экскурсия арқылы туристік-экскурсиялық, дене тәрбиелік - сауқтыру, мәдениеті-бұқаралық қызмет етуге бағытталған белсенді демалыс ұйымдастыруды көздейді. Аукымды мағынада туристік іс-әрекеттің негізінде жорықтардың, саяхат жасаудың, туристік жарыстардың, жорыққа дайындықты оқытудың, бағдарлау тәсілдерін, өлкетану негіздерін және туризмнің басқа да элементтерінің бірнеше түрлерін ұйымдастыратын және туристік жұмыстың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ететін, соның ішінде жорықтардың кестесімен желісін құру, лагерь алаңдарын ұйымдастыру, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру және тағы басқа шараларды атқару мен түсіндіріледі.

Туристік жорық туристерді табиғатпен, табиғи байлықтармен, мәдени-тарихи ескерткіштерімен таныстырады, дене шынықтыру, спорт және туризмді тұтынушылардың күнделікті тұрмысына енгізуге септігін тигізеді. Сондай-ақ оларды физикалық дамытады және рухани байытады, ой- өрісін кеңейтеді, отан сүйгіштікке тәрбиелейді, ұжымдастық, тәртіптілік, табандылық, шыдамдылық сияқты сапаларын дамытады.

Туризмнің көп түрлігіне қарай туристік-өлкетану жорықтардың біздің өмірімізде бос уақытты ұтымды өткізуде рөлі зор. Оларды маңыздығына қарай талдайтын болсақ:

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж

Туристтік жорықтың танымдылық маңызы. Туристтік жорықтарға қатысу арқылы біз жаңа жерлер, елді мекендер көріп, танымымызды, көзқарасымызды ұлғайта аламыз. Біз білмейтін еліміздің елеулі де, маңызды жерлері өте көп. Туристтік жорықтар арқылы адамның рухани ой-өрісімен дүние танымы кеңейеді адам аяғы баспаған сүрлеу соқпақтармен жүре отырып, көптеген қызықтарға кенелуі мүмкін. Мүсінші табиғаттың қолымен жасалған сыйлары - аңға-жануарларға ұқсаған тастар, небір қиюласқан тас мүсіндерге, таудан құлап аққан кәусар бұлақтарға куә болып, оларды табиғат сыйы деп қабылдауымыз керек [1].

Туристтік жорықтардың оқу-тәрбиелік маңызы. Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты, өйткені география аумақтық жеке ерекшеліктерді, оның ішінде туристік ресурстармен нысандардың белгілі бір аумақта таралу ерекшеліктерін зерттейді. Одан басқа география ғылымы географиялық заңдылықтарды (зоналылық, температураның жер беті бойынша таралуы, күн радиациясының жер беті бойынша таралу мөлшері және тағы басқалар) зерттеу мен айналысады. Екіншіден, туризм тарих ғылымы менде байланысты, өйткені туристер, туристік топтар, саяхаттар, экскурсиялар кезінде тарихи ескерткіштермен және әртүрлі туристік нысандармен танысады, халықтық тарихи кезеңдерімен таныс болады. Сонымен қатар, туристік жорықтарға қатыса отыра, қазіргі жас жеткіншектер белгілі деңгейде оқу-тәрбиелік білім алады.

Спорттық маңызы және оның денсаулыққа пайдасы. Туризмнің барлық түрі спорттық дайындықты талап етеді. Спорттық туризм өз кезегінде биологияның физиология ғылымы мен өте тығыз байланысты. Туризмнің белсенді түріне, туристік жорықтарға, әсіресе көп күндік категориялы немесе спорттық жорықтарға дайындық кезінде және жорықтардағы энергия шығынымен тамақтануды ескеру, есептеу өте маңызды. Осы жағдайда және жорықтарға дайындық кезінде ағзаның жеке жасқа, жытысқа, дене саулығына және тағы басқа ерекшелігімен ағзада жүретін физиологиялық процесстер: аскорыту, тынысалу, қанайналу, заталмасу, зәр шығару және шаршау процесі есепке алынып, сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. Мұндай жорықтардағы іс-әрекеттер жорыққа шығытып топ мүшелерінің тыйанақты спорттық дайындығының нәтижесі болып табылады [2].

Ұлттық бағытта тәрбиеберу. Туристтік-өлкетануіс-әрекеттер арқылы өскелең жас ұрпаққа өз елімізде, туған табиғатымыздың көркем айшықтарының негізінде ұлттық тәрбие, діни тұрғыдан халықтың сана-сезім, наным іс-әрекеттерін қалыптастыруымыз керек. Ұлттық тәрбие дегеніміздің өзі патриоттық, яғни Отансүйгіштік тәрбие мен тығыз байланысты. Әр-бір азамат қазақстанды туған отаным деп қабылдап, оған деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, елінің дамуына үлес қоса білсе, туристік жорықтарда биік шындарды бағындыра отырып ұлттық нақышта бейнеленген төл туымызды желбірете қадап, келер ұрпаққа үлгі бола білу керек қазақ халқы ерте заманнан-ақ діни тұрғыда ағынсуға, жүйіткіген желге, көк аспанға, отқа табытқан. Сондықтан табиғатқа икемделу, қоршаған ортаға аса құрметпен қару бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табуда.

Туристтік жорықтарды ұтымды ұйымдастыру мен жүргізу ел экономикасының маңызы тармаға. Сондықтан, туризм қоғамдық құбылыс және сала ретінде экономикамен, экономика ғылымымен тығыз байланысты. Себебі туризмнің өзі шаруашылықтың, экономиканың бір саласы болып есептеледі. Туризммен ақша, өндіріс, сауда қатынастары байланысты. Туризм арқылы мемлекеттік бюджетке пайдатүседі. Ол үшін туристік жорықтар мен іс-шараларды жиі ұйымдастырып отыру керек Туристік сала бойынша жарнамалық қызмет жүзеге асады және туристік фирмалар, туристік операторлар, туристік агенттер, туристік нұсқаушылар өзіндік жұмыс атқарады.

Жалпы, туризмді жан-жақты қарастыруға болады. Туризм - шаруашылықтың да, спорттың да бір саласы. Ол арқылы бір жағынан жергілікті халықты жұмыс орнымен, кәсіппен қамтамасыз етсе, екінші жағынан халықты мәдени демалысқа үйлестіруші болып табылады [3].

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелерден көрініп отырғандай туризмнің, оның ішінде туристік жорықтардың кез-келген қоғамдың өмірде алатын орны жоғары. Туристік-өлкетану іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіншілігі көптеген факторларға байланысты, олардың негізгілері мыналар: туристік мекеме орналасқан қолайлы табиғи-тарихи шарттары бар ауданның болуы; туристік қызметті қамтамасыз ететін материалдық база; жеткілікті кәсіби деңгей мен туристік мекеме қызметкерлерінің ынтасы, ең алдымен - нұсқаушы құрамының сапалы іскерлігі болуы қажет.

Туризм саласын материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі қоғамдық орындардың, туристік-спорттың құралдарының, оқу - әдістемелік әдебиеттің, бейне құрылғылардың, жорық жабдықтарының құралдары және т.б.) туристік іс-әрекеттің әртүрлілігіне, туристік мамандандырылу бойынша, туристерге қызмет көрсету деңгейінің көтерілуіне септігін тигізеді.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттерін жақсартуда басты рольді туристік қызмет көрсететін нұсқаушылар құрамы мен ірі туристік орталықтардың жетекшілері атқарады. Олардың кәсіби шеберлігінен, практикалық тәжірибесі және іскерлігінен, табандылығы және ынтасынан туристік-өлкетану жұмыстарының мазмұндық деңгейі, оның туристерге қызығушылық туғызу деңгейі, тәрбиелік және сауықтыру жөніндегі нәтижесі, туризм саласына туған өлкенің қызықты нысандарына қатыстыру, жаңа

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж маршрут желілерін ашу және барлау деңгейі тәуелді болады. Осыған байланысты туризмнің барлық түріне қарай, туристік іс-шараларды, күрделі жорықтарды ұйымдастыруда туризм мамандарын, сапалы деңгейде даярлау, қазіргі нарық кезеңіндегі әлеуметтік-қоғамның міндеті болып табылады.

1. Мазбаев О.Б Асубаев Б Туризм-өлкетану негіздері. - Алматы, 2006.
2. Накатков Ю. С "История туризма Казахстана". - Алматы-2001.
3. Саипов А.А. "Научно-педагогические основы подготовки менеджеров туризма" -Алматы, 2000.

Резюме

Туристско-краеведческие походы и социально-общественная деятельность

В статье рассматриваются роль и социально-общественная важность туристско-краеведческих походов. Также, рассматриваются факторы влияющие на проведения туристско-краеведческих походов и их роль в развитии экономики страны.

Summary

Tourism and local history tours and social-public activity

In this article the role and social-public importance of tourism and local history tours are considered. Also, the factors affecting the tourism and local history tours and the role of them in the development of economy are considered.

УДК 94(574)+338.48:93(574)

ТУРИЗМ КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ

А.А. -Г. Алдашева -

к.и.н.и.о. доцента кафедры туризма КазНПУ им. Абая

Туристский бизнес - одна из наиболее быстро развивающихся отраслей мирового хозяйства, на которую приходится около 6% мирового валового национального продукта, 7% суммарных капитальных вложений, 1% мировых потребительских расходов и 5% всех налоговых поступлений. К 1995 году каждое 16-е рабочее место в мире приходилось на туризм. Анализ туристской деятельности, произведенный в данном исследовании, показывает, что туризм не ограничивается сферой спортивного туризма, пешими походами и горными восхождениями, а представлен многообразием транспортных путешествий в конкретном историческом, экономическом, идеологическом, правовом, техническом, географическом, литературном выражении. Основными направлениями деятельности различных стран в области международного туризма являются: развитие, модернизация и расширение материально-технической базы туризма, подготовка и воспитание кадров занятых в сфере туристской деятельности, популяризация и дальнейшее совершенствование организованного туризма, включая социальный и молодежный. Значительное внимание уделяется повышению экономической эффективности иностранного туризма, а также улучшению качества предоставляемых услуг [1]. При этом существуют особенности в общественно-экономическом и культурном статусе туризма развитых и развивающихся стран. Туризм - сложное, разностороннее и многообразное явление, имеющее важное значение для развития экономики, политики и культуры как отдельного государства, так и ряда государств, различных по уровню развития экономики, политическому строю, системе государственного управления, идеологии, этническому составу населения, жизненному укладу. Оказывая значительное влияние на развитие национальной экономики и мировой торговли, международный туризм одновременно является фактором политической стабильности и развития государственности, источником позитивного валютного баланса во внешнеэкономическом обмене и реальным символом мирного прогресса. Реализуя туристский продукт, страна формирует активный валютный баланс, компенсирует валютными поступлениями пассив по другим статьям платежного баланса, ускоряет инвестиционный процесс, получает возможность развития остальных регионов и модернизации индустрии.

Наблюдаемые в Казахстане темпы развития туризма можно объяснить тем, что в отличие от развитых стран развивающиеся страны не имеют достаточных финансовых средств для активного продвижения своего туристского продукта, чтобы в результате получить больше туристов и больше средств для развития туристской инфраструктуры, а также развития менеджмента в туристской индустрии [2].

В 2002 году на пресс-конференции "Туризм как доходная часть экономики Казахстана" в Национальном пресс-клубе в Алматы представители Форума предпринимателей, Казахстанской туристской

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №4 (26), 2010ж ассоциация, департамента консульской службы МИД, департамента туризма городского акимата., Управления миграционной полиции Алматы и компании "Казах Трэвел Интэрнэшнл" отметили перспективы бизнес-туризма. Выделив культурно-познавательный, экологический и приключенческий туризм в качестве базовых компонентов отечественного туристского продукта., специалисты Казахстанской туристской ассоциации признали, что геополитическое положение и природно-сырьевые ресурсы позволяют рассчитывать на увеличение количества бизнес-туристов, приезжающих в Казахстан по вопросам бизнеса и участия в выставках, симпозиумах, конференциях [3]. На стратегическую роль туризма в экономике указывает стоимость въездных виз для деловых поездок, которая экономически стимулирует бизнес-туризм. С апреля 2001 года визовый сбор для деловых поездок снижен и составляет 50% от стоимости туристских виз: 15 долларов США (и до 50 долларов в зависимости от длительности пребывания). Во Франции, Англии, США, Канаде нет деления на частные, туристские и деловые поездки, а сбор составляет соответственно 25, 85, 95 и 105 долларов США. В то же время за частную поездку в Казахстан жителям Англии и Германия надо платить 190, а жителю Канады - 350 долларов США. В то же время оценка этих очевидных фактов в печатных средствах массовой информации ограничивалась популистским вопросом "из каких соображений исходит наше государство: чем это въезжающий в страну бизнесмен лучше, чем домохозяйка?" [4].

Еще в 2001 г. вместо существующей "бизнес-визы" была введена категория "инвесторская виза". Она сохраняла льготы и привилегии, установленные для крупных бизнесменов, но наряду с этим выражала ориентацию на улучшение инвестиционного климата. Помимо руководителей крупнейших фирм и компаний, в перечень лиц для оформления инвесторских виз вошли представители управленческого звена менее значимых зарубежных фирм и компаний, которые имели солидные вложения капиталов в Казахстане или имели реальные намерения инвестировать в экономику страны. Инвесторская виза предусматривала упрощенный порядок въезда и отменяла необходимость регистрации в местном Управлении внутренних дел. Таким образом устанавливался государственный приоритет инвестиционного направления в экономике и деловых поездок в туризме.

